Также этот метод «Карта эмпатий» эффективен в том плане, что учащиеся выполняют эту работу в малых группах, где происходит коллаборация и взаимодействие, учащиеся совместно предлагают пути решения задания, каждый приводит свои примеры из текста.

По итогам проведенного урока был сделан анализ, что метод «Карта эмпатий» наиболее эффективен, когда применяется во время групповой и парной работы, так как этот метод требует активного взаимодействия и вовлеченности всех учащихся. Но, тем не менее, этот метод малоэффективен, если не соблюдать дифференциацию на уроке, так как наименее мотивированные учащиеся без поддержки своих одноклассников и учителя не смогут этот метод применять эффективно.

### Рекомендации

Для каждого учителя очень важно использовать такие методы и приемы, которые являются наиболее эффективными в процессе обучения. Конечно, каждый вправе выбирать тот или иной метод. Основываясь на продолжительном опыте своей работы по успешному внедрению вышеназванной методики, можем смело рекомендовать для учителей применять именно опорные схемы и таблицы для грамотного и осознанного чтения. Почему это важно? Потому что, во-первых, уже есть наработанный опыт на протяжении долгого времени, во-вторых, опорные схемы и таблицы наиболее часто и верно применяются многими учителями, это наиболее отработанная на практике методика, в-третьих, так как в последнее время в программе обучения, в текстах учебников очень много несплошных текстов, поэтому учащимся удобно и проще работать именно с несплошными текстами, так как учащиеся не хотят и не могут читать объемные тексты, которые занимают много времени, значит акцент надо делать на работу с таблицами и схемами, которые быстро и легко усваиваются учащимися. Также эти методы грамотного и осознанного обучения имеют четкий алгоритм выполнения, поэтому с

ними легче работать. Опорные схемы и таблицы также помогают развивать визуализацию информации и представлять ее в кратком, сжатом виде, поэтому учащимся удобно вычленять только важную и нужную информацию, а это приводит к оптимизации и эффективности деятельности. По каждому методу и приему дается четкая рекомендация по выполнению.

### Заключение

В заключение можно сделать вывод о том, что опорные схемы и таблицы успешно применяются на многих уроках русской литературы. Это связано с тем, что на уроках литературы проводится очень большая работа с текстами, очень много информации (нужной и ненужной) и эту информацию надо анализировать, систематизировать, оценивать. Поэтому, для проведения таких видов деятельности необходимо применять опорные схемы и таблицы, которые помогают обрабатывать информацию, переводя сплошной текст в несплошной. Что это даст в итоге? Во-первых, развивается функциональная грамотность, когда учащийся сможет успешно применять свои знания на практике. Во-вторых, развивается вдумчивое, осознанное, осмысленное чтение учащихся, которое поможет в дальнейшем закрепить фундаментальные знания, умения и навыки. В-третьих, эти методы помогают социализировать учащихся, когда проводится активная работа в группах, в парах, когда происходит взаимообучение и поддержка со стороны одноклассников и учителя. Таким образом, можно сделать вывод, что работа с опорными схемами и таблицами является действенным инструментом для получения положительного результата в обучении. В нашем современном мире, когда очень много информации, каждый учащийся должен уметь работать с таким объемом информации, чтобы оптимизировать свои речемыслительные процессы, чтобы смог получить только ту информацию, которая важна и необходима здесь и сейчас. И для этого есть те методы и приемы, которые предложены в данной статье. Выбор остается за учителем.



## Список использованных источников

1. Зайцев В.Н. Резервы обучения чтению // Начальная школа. – 1990. - №8 – с.52
2. Пожидаева Е.А., Нурғалиева О.А., Ульева С.А. Развитие функциональной грамотности учащихся начальных классов на уроках литературного чтения. [http://www.kvkbolashaq.edu.kz/KONFERENCE/tendantsii\\_razvitya\\_sovremennogo\\_obraz-ya2017.pdf#page=402](http://www.kvkbolashaq.edu.kz/KONFERENCE/tendantsii_razvitya_sovremennogo_obraz-ya2017.pdf#page=402)
3. А.Г. Каспржак, К.Г. Митрофанов, К.Н. Поливанова, О.В. Соколова, Г.А. Цукерман. Почему наши школьники провалили тест PISA. – [Электронный ресурс]: URL: <https://avkrasn.ru/avg-kasprzhak-k-g-mitrofanov-k-n-polivanova-o-v-sokolova-g-atsukerman-pochemu-nashi-shkolniki-provalili-test-pisa-chast-1-i-chast-2-prilozhenie-1-skrinshoty-prilozhenie-2-anti-pisa-bezgramotnye-zadan/?ysclid=I3o6yiyhhh>

## ● ТІРЕК СЫЗБАЛАР МЕН КЕСТЕЛЕР ЗЕЙІНДІ ОҚУ МЕН ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

**А.Ж. Егизбаев**

Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Бұл мақаланың тақырыбы маңызды және өзекті болып табылады, себебі соңғы кезде зейінді оқу мен оқу сауаттылығы мәселесіне, әсіресе PISA, TIMSS, PIRLS және т.б. халықаралық зерттеулер жүргізу контекстінде үлкен көңіл бөлінеді. Бұл мақаланың мақсаты – оқу сауаттылығы жұмыстарының әдістемесін сәтті ендіру бойынша тәжірибемен бөлісу. Бұл мақалада зейінді оқу мен оқу сауаттылықты дамыту үшін бір келкі емес мәтіндермен жұмыс істеу әдістемесінің бірнеше түрлері сипатталған. Оқушыларды оқытуда оң нәтиже берген әдебиет сабақтарында («Эмпатия картасы», «Дәйексөздер кестесі») сыналған нақты әдістер ұсынылады. Бір келкі емес мәтіндермен жұмыс істейтін мұғалімдерге қолдану ұсынылады.

**Түйінді сөздер:** тірек сызбалар, кестелер, оқу сауаттылығы, зейінді оқу, функционалдық сауаттылық.

## ● REFERENCE CHARTS AND TABLES AS AN EFFECTIVE TOOL FOR MINDFULNESS AND READING LITERACY

**A.Zh.Yegizbayev**

school-lyceum BINOM SCHOOL named after I.Altynsarın,  
Astana, the Republic of Kazakhstan

**Annotation.** The topic of this article is important and relevant, as the problem of awareness and literacy of reading has recently received a lot of attention, especially in the context of international studies PISA, TIMSS, PIRLS, etc. The purpose of this article is to share work experience on the successful implementation of the methodology of work on reading literacy. This article describes several types of techniques for working with incomplete texts to develop literacy and reading awareness. Specific methods tested in literature lessons («Empathy Map», «Table of quotations») are proposed, which have given a positive result in teaching students. It is recommended for use by teachers working with incomplete texts and vice versa.

**Key words:** reference diagrams, tables, reading literacy, reading awareness, functional literacy.

FTAMP 14.01.22

## АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Ж.Б. Ерубаета**Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы**Аңдатпа.**

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда – білім беру процесінің ең негізгі бөлігі болып табылатындығы қарастырылады. Келешек ұрпақты сауатты етіп тәрбиелеу Қазақстандағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында көрсетілген болып, онда оқушылардың қызыреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін дамыту көзделген. Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманда білім беру жүйесінде «Функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру ең өзекті мәселеге айналып отырғаны бәрімізге мәлім. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жағдайында қоғамға функционалдық сауатты, нәтиже үшін жұмыс істей алатын, белгілі, әлеуметтік маңызды жетістіктерге қабілетті адам қажет.

**Түйінді сөздер:**

бастауыш сынып, мектеп, әдістер, функционалды сауаттылық.

**Кіріспе**

Әлемнің дамыған елдер қатарына ену үшін маңызды осы стратегиялық міндеттерді шешу жағдайында тұлғаның шығармашылықпен ойлауы мен мәселелерді жаңаша шешім табу қабылдау қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, өмір бойы ізденіп білім алуға дайындығы, яғни бүгінгі жаһандану заманының ағымына сай болу – оның басты функционалдық қасиеттері болып табылады. Аталған функционалдық біліктер мектеп және отбасында қалыптасады.

«Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық

қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді. Функционалды сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыру дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, келген жағдайда тиімді пай-

далана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Функционалдық сауаттылық мәселесін білім берудің философиялық деңгейінде Б.С. Гершунский, В.В. Мацкевич, С.А. Крупник, үздіксіз білім беру аспектісі ретінде С.А. Тангян, И.А. Колесникова, құзыреттілік қатынас контексінде А.В. Хуторской, О.Е. Лебедев және т.б. ресейлік ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырылған. Психолог ғалым Н.Н. Сметанникова функционалдық сауаттылықты оқуға үйретуге байланысты зерттеген. Функционалдық сауаттылықты күшейтудегі білім берудің орны мен рөлін ресейлік ғалым П.Р. Атутов дәйектеп көрсеткен. Қазақстандық ғалымдар Ж.Ж. Ордабаева физика сабақтарында, А.К. Рауандина қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту мәселесін әдістемелік тұрғыдан зерттеп, оқу пәндеріндегі рөлін айқындап негіздеген.

## Әдістеме

Функционалдық сауаттылық қалыптастырудың әдістері

1. Диалогтік оқыту
2. «Өз ойын айту»
3. Ойын түрлері

Диалогтік оқыту әдісі – ғылымда танымдық процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысты жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Сабақ барысында оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілген диалог оқушылардың қызығушылығын, танымын арттырады.

Мысалы, «Өз ойын айту» әдісін 1 сыныпта «Үй жануарлары», «Аңдар» атты тақырыптарды өткенде қолданған тиімді екенін аңғаруға болады. Мұғалім оқушыларға оқулықтағы тапсырмада берілген сұрақтар бойынша сұрақ қояды, оқушылар оған өз қалауы бойынша жауап бере алады. Әр жауап сайын, жануарлардың суреттерін құрастырады. Мысалы:

Мынау не? (Мұғалімнің қолында немесе тақтада бір аңның немесе үй жануарының суреті болуы керек).

- Мынау піл ме? (Мұғалім бір суретті көрсетеді)
- Осы бөлімнің соңында оқушылардың:
- аңдарды атай алу (аю, арыстан, кірпі, түлкі, керік, піл, қасқыр, қоян);
- үй жануарларын атай алу (қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе);
- бұл не? сұрағына жауап беретін сөздерді атай алу (аңдар, үй жануарлары, ауладағы гүлдер, ағаштар);
- Мынау піл ме? сияқты сұрақтарға жауап бере алу (Иә, мынау піл. Жоқ, піл емес);
- аңдардың жануарлардың санын, түсін айта алу (1-10 сандар, үйренген түстер), атай алу;
- аулада не бар екенін айта алу (Аулада ағаштар, гүлдер бар);
- аулада не істейтінін айта алу (Мен аулада ойнаймын. Мен аулада сурет саламын);
- қандай сурет салатынын (Мен ағаш саламын) айта алудағылары қалыптасуы қажет.

Осы жерде «Қолдау» әдісін пайдаланған тиімді.

- сөйлесу үлгісі бойынша өз суреті туралы сөйлей алады;
- тыңдаған сандарды дұрыс қайталайды;
- сөз тіркестер, сөйлемдер құрастырады.

«Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» деп елбасымыз атап айтқандай, оқушылардың талантын ашу – менің күн тәртібімдегі өзекті мәселелердің бірі.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін сабақтарда белсенді оқыту, диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы, мән беріп оқыту технологиясы қолданылып келеді.

## Практикада қолдану

Белсенді оқытуда қысқа әңгіме, ойын түрлері, сөздік ойыны т. б. атауға болады. Өзім сабақ берген 1 - сыныпта мән беріп оқыту технологиясы бойынша оқушылардың оқу, тыңдау, айту, жазу дағдылары дамытылды. Көбінесе топтық жұмыс жасап, достық қарым - қатынасты нығайта отырып, ұлттық бірліктің жарасымына жол ашылды.

Сонымен бірге оқушылардың теориялық білімдерін дамыту мақсатында Н. Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясының тиімді жақтары да бар.

1. Оқушыларға теориялық білім береді.
2. Тілін дамытады.
3. Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, құрметтеуге үйретеді.
4. Ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастырады.
5. Оқушының оқуға, білуге деген ынта - ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

1-сыныпта қазақ тілінің төл дыбыстарын өткен кезде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында жүргізуге болатын жұмыстар:

Мысалы: «Ә» дыбысы (1-сурет).




1-сурет – «Ә» дыбысын өту барысында беруге болатын тапсырма үлгісі.

Мұнда, оқушылар Ә дыбысын өткенде суретте берілгендерді («ә» әрпін, сол әріптен басталатын суретті сөздер) бояу арқылы есте сақтауы бір деңгейге артпақ. Сонымен қатар, *фонетикалық жаттығуды* пайдалануға да болады.

Ән, ән, ән, Ән әлемі,  
Сән әлемі,  
Әлия әдемі,  
Әсия әдемі.



2-сурет – «Ә» дыбысын бекітуде қолдануға болатын жұмыс түрі ретінде «Әліппе» атты тапқыты жаттау ұсынылады



**3-сурет** – «F» дыбысымен 1-ші сыныпта жүргізуге болатын жұмыстың бір түрі



**4-сурет** – «Адасқан әріптер».

«Отбасы» тақырыбын (1 сыныпта) өту барысында төмен көрсетілген жұмыс түрлері де тиімді. Мұндағы, тиімділігі «Адасқан әріптер» арқылы жаттаған сөздерін тек ауызша ғана айтып бағаланбай, сонымен қатар сол жөздердің жазылу тәртібін де жүйелей түспек. Іздену, ойлану барысында оқушының біріншіден, пәнге қызығы артады, екіншіден, өткенді еске түсіру арқылы білімдерін арта түседі.

Келесі ұсынылған суретте, отбасы мүшелері көрсетілген. Суреттің оң жағында екі тапсырма берілген. 1-ші тапсырмада оқушылар сөз тіркестерін оқи отырып суретті таңбалайды, 2-ші тапсырмада сол таңбалаған суреттерді берілген түстер арқылы бояйды. Осы тапсырманы орындау барысында оқылым, еске түсіру, ойлану дағдылары жетіледі (5-сурет).



5-сурет – «Менің отбасым», «Киімдер», «Қандай түс?».

Оқушы дайын күйінде берілетін білімді пассивті тыңдаушы, қабылдаушы және жауап беруші. Ол білім алу процесінде белсенді рөл атқара алмайды. Оның жеке сұраныстары мен мүмкіндіктері ескерілмейді. Мұғалім-доминант, сабақ өткізу шарттарын анықтаушы. Оқытудың мұндай тәсілі оқушы ынтасын арттырмайды, керісінше қызығушылығын тежейді, шығармашылық қабілеттерін шектейді. Сабақ барысында функционалдық сауаттылықтарын арттыру мақсатында, ойын түрлерін де тиімді пайдаланса өз жемісін бермек. Мысалы:

«Балықшы» ойын арқылы білімдерін бекіту. Суреттердегі балықтардың артында сұрақтар жазылады, оқушылар дауыстап оқиды, тыңдайды.

1. Арыстан үлкен бе? (Иә, арыстан үлкен)
2. Қоян үлкен бе? (Жоқ, қоян кішкентай)
3. Кірпі кішкентай ма? (Иә, кірпі кішкентай)
4. Піл кішкентай ма? (Жоқ, піл үлкен)
5. 2 кірпі + 1 тұлкі – неше аң болады?

Ал, балалар, ойын ойнауды ұнатасыңдар ма? Қазір біз қармақпен балық аулаймыз.



Сабақта функционалдық сауаттылықты арттыру жолдары пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық

байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет.



## Ұсыныстар

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мектептердегі «Қазақ тілі» пәнін оқыту сапасын жетілдірудің қажеттігі туындап отыр. Олар мемлекеттік нормативтік құжаттарды дайындау кезінде жан-жақты ашып көрсетілді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының жаңа нұсқасында «2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында білім беру саласын дамытудың тұжырымдамасында» жалпы білім беретін орта мектепті дамытудың «адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру», «білім берудің мазмұнын білім үстемдігі» деңгейінен «нәтижеге бағдарланған» құзыретті білімге өзгерту; «қазақстандық патриотизмге, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу» және т.б. қағидалар басшылыққа алынды.

Жалпы білім беру жүйесіне құзыреттілік бағытты енгізу мәселесі бойынша көптеген еңбектер жарыққа шықты. Оның ішінде отандық ғалымдар Н.Оралбаева, А.Жапбаров, А.Қыдыршаев, Н.Ж.Құрман, Ф.Ш.Оразбаева, К.Жақсылықова, Ж.Сүлейменова, Ж.Т.Дәулетбекованы атауға болады. Бастауыш саты - бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамиды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп - оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы екенің ұғыну керек. Бастауыш сыныпта барлық пәндерден, бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту үшін, әдістемелік ұсынымдар мен практикалық семинарлар ұстаздарға өткізілсе, оқушылардың білім білік дағдысы дамиды.

## Қорытынды

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушы-

ның алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясы – барлығын қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияның мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту, ортақ парыз, абыройлы міндет!» дейді. Осы ортақ парызды, абыройлы міндетті кім қалай түсінеді, кім қалай орындайды. Елбасымыздың Жолдауын мұғалімдердің негізгі орындау міндетіне: пән сабақтарында болашақ Қазақстанның нағыз азаматының функционалдық сауаттылығын дамыту болып отыр.

Ортақ Отанымыз – Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығарамыз деген ойдамын.

## Қолданылған деректер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. - 2012 ж. «Ана тілі» газеті, № 5. – 7-8 бет.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі.
3. ҚР Білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
4. Н.Ж.Құрман, Г.Есенова Коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесі. – Ақтөбе, 2010.
5. М.Мұқанов Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1981. – 111-113 бет.

6. Н. Құрман Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана, 2008.
7. Н. Құрман Жаңа технология жүйесіндегі қазақ тілі сабақтары. – Астана, 2008.
8. А.Қ.Рауандина. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. - Алматы, 2010.

## ● ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА ЗАНЯТИЯХ РОДНЫМ ЯЗЫКОМ

**Ж.Б. Ерубаета**

Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Алихана Букейхана  
г. Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статье рассматривается, что повышение функциональной грамотности учащихся начальных классов является самой основной частью образовательного процесса. Воспитание грамотности будущего поколения указано в Национальном плане действий по развитию функциональной грамотности школьников Казахстана и призвано развивать компетентностные навыки учащихся, умение эффективно использовать полученные знания в реальных жизненных ситуациях. Создание условий для развития функциональной грамотности школьников Республики Казахстан. Все мы знаем, что формирование «Функциональной грамотности» в системе образования становится самой актуальной проблемой в современный век развития образования и науки. В ситуации социально-экономической модернизации обществу необходим функционально компетентный человек, умеющий работать на результат, известный и способный на социально значимые достижения.

**Ключевые слова:** начальная школа, школа, методика, функциональная грамотность.

## ● WAYS TO IMPROVE THE FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS IN THEIR NATIVE LANGUAGE LESSONS

**Zh.B. Yerubaeva**

BINOM SCHOOL school-lyceum named after A. Bokeikhan  
Astana, Republic of Kazakhstan

**Annotation.** In this article, it is considered that increasing the functional literacy of primary school students is the most basic part of the educational process. Educating the future generation to be literate is indicated in the national action plan for the development of functional literacy of schoolchildren in Kazakhstan, and it is intended to develop the competence skills of students, the ability to effectively use the acquired knowledge in real life situations. Creating conditions for the development of functional literacy of schoolchildren in the Republic of Kazakhstan. We all know that formation of «Functional Literacy» in the education system is becoming the most urgent problem in the modern age of development of education and science. In the situation of socio-economic modernization, the society needs a functionally competent person who can work for results, is known, and is capable of socially important achievements.

**Key words:** primary school, school, methods, functional literacy.

FTAMP 14.01.35

## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КӘСІПКЕРЛІККЕ БАҒЫТТАУ ЖОЛДАРЫ

**Б.Т. Есенбеков**

Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Мақалада кәсіпкерлік білім беруде математиканы қолданудың маңыздылығы мен тиімділігі қарастырылады. Педагогтарға әдістемелік құралдар мен талдау элементтерін өз тәжірибелерінде сынап көру ұсынылады, себебі бұл өз қабілеттерін және әлсіз тұстарын анықтауға көмектеседі. Оқушыларға математикалық есептер мен жобалар, графиктер құру, пайыздарды есептеу, қаржылық есептерді шешу сияқты практикалық тапсырмалар беру арқылы экономикалық түсініктерді меңгерту ұсынылады. Өзін-өзі бағалау және рефлексия элементтері оқушылардың өз жетістіктері мен оқу процесін бағалауға мүмкіндік береді. Тұрақты кері байланыс пен қалыптастырушы бағалау әдістері оқушылардың математикалық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Практикалық қолдануға баса назар аударыла отырып, оқушылардың нақты экономикалық және қаржылық жағдайларды талдау мен шешу үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруы ұсынылады.

**Түйінді сөздер:** кәсіпкерлік білім, математика, білім алушы, қаржылық сауаттылық.

### Кіріспе

Отандық зерттеулерде кәсіпкерлік білім беруде коллаборативті оқыту әдісін қарастырған. Яғни, білім алушыларды білімгер-кәсіпкерге барабар кәсіпкерлік қызметті жүргізуге көмектесу үшін және жауапты және белсенді шешім қабылдау тәжірибесін алу, қатаң экономикалық күресте бәсекелестерден озып кету мүмкіндігін алу, бизнесті бастау нұсқаларын анықтау, бизнесті дұрыс басқаруды қамтамасыз етуді, тұтынушыларды ұстап қалуды және бизнесті дамытуды, сондай-ақ экономикалық қажет болған жағдайда кәсіпорынның қызметін қайта ұйымдастыруды немесе бизнестен шығуды үйрену үшін қажет екеніне тоқталады. Автор-

лардың айтуынша, коллаборативті оқыту әдісі мен оқу үлгерімі арасындағы байланысты көрсетеді [1].

Математика сабақтарында экономикалық мазмұны бар есептерді қолдану оқуды шығармашылық процеске айналдырады, материалды тереңірек түсінуге және игеруге ықпал етеді. Экономика элементтерін зерттеу осы жасқа сәйкес келетін математика бойынша стандартты бағдарлама аясында жүргізілуі керек және жаңа математикалық материалды тартуды қажет етпейді. Мәселелерді шешуде балалар қарапайым есептеулерді үйрене алады, белгілі бір сатып алудың немесе мәміленің пайдасын бағалай алады, әртүрлі практикалық, өмірлік міндеттерді

шешудің тиімді және ыңғайлы тәсілдерін таба алады. Экономикалық тәрбиенің жетіспеушілігі көбінесе балалардың жалпы мақсаттағы объектілерге ғана емес, олардың заттарына да немқұрайлы қарайтындығында көрінеді. Олар әрқашан ең кішкентай нәрсе ата-аналарға, мектепке айтарлықтай шығын әкелетінін түсінбейді. Бұл тақырыпты өзектендіру үшін заттарды сатып алуға жұмсалған қаражат, отбасылық бюджет, мектеп және т. б. қаражатты үнемдеу туралы айтылатын міндеттерді ұсынуға болады [2].

Математикалық дағдылар негізгі қаржылық есептерді шешу үшін қажет: тәжірибеге бағытталған есептерді шешу мектеп математикасы курсының теориясын және әртүрлі есептерді мектеп оқушылары шынымен кездесетін өмірлік жағдайлармен салыстыруға мүмкіндік береді, коммерциялық есептеулер оқушыға математиканың практикалық бағытын көруге көмектеседі. Математикалық формулалар мен заңдар туралы білім көбінесе практикалық есептерді шешуде оларды қолдану негіздерімен расталмайды, ал математикалық білім көбінесе өмірде формальды және талап етілмейді. Математика сабақтарында экономикалық білімді қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Математика сабақтарында оқушылар экономикалық мазмұны бар есептерді шешеді, графиктерді құруды және зерттеуді, пайызды есептеуді үйренеді. Бұл білім, әрине, адам несие алып, үлес қосқанда және басқаларында пайдалы болады [3].

Жоғарыдағы қарастырылған зерттеулерге сай, білім алушылардың математикалық сауаттылығын арттыру арқылы кәсіпкерлікке бағыттау жолдарын білім мазмұны аясында қарастыруды жөн көрдік. сабақта қолдану үшін “Математиканы кәсіпкерлік біліммен интеграциялау” тәсілін таңдап алдық.

## Әдістеме

“Математиканы кәсіпкерлік біліммен интеграциялау” тәсілі қолданылды. Бұл тәсіл 3 негізгі кезеңлі құрады: қаржылық математика, бюджет құру, нарық талдауы.

Қаржылық математика - білім алушыларды табыс пен шығынды есептеу, пайыздарды анықтау, несие мен инвестицияларды есептеу сияқты қаржылық математикалық есептермен таныстыруды қамтиды. Екінші кезеңді бюджет құру - бұл отбасы бюджетін жоспарлау арқылы балаларға қаржылық сауаттылықты үйрету, олар табыс көздерін, шығындарды және жинақтарды қалай басқаруды үйренеді. Үшінші кезең - нарық талдауы. Бұл кезеңде білім алушыларды нарықтық зерттеулер жүргізу және алынған мәліметтерді графиктер мен диаграммалар арқылы талдау әдістерімен таныстыру көзделді. Осы кезең нарықтағы тенденциялар мен сұранысты анықтауға көмектеседі.

## Практикада қолдану

2018 жылы Астана қаласының №64 мектеп-лицейінде 8 сыныптарда «Математикалық сауаттылық» вариативті курс аясында жүргізілді. «Квадраттық функция және оның графигі» тақырыптары берілді. Осы тақырыптар аясында білім алушыларға өздері қызықтырған компаниялардың акцияларының бағасы соңғы айда қалай өзгергендігі туралы тапсырма берілді. Тапсырманың мазмұны мынада, күндері бойынша өскенін немесе кемігенін анықтау керек. Білім алушының Apple компаниясының акциялары бойынша соңғы айдағы көрсеткіштерін талдауы қызықты және маңызды тәжірибе болды. Ол акциялардың дүйсенбі күндері өсіп, жұма күндері құлдырайтынын байқағанын айтты. Бұл құбылыс қарапайым сәйкестік болуы мүмкін екенін, бірақ оны түсіну үшін акциялар нарығының динамикасына тереңірек үңілу қажет екенін айттым.

Акциялардың бағасы көптеген факторларға байланысты өзгереді. Оларға нарықтағы жалпы жағдай, компанияның қаржылық нәтижелері, макроэкономикалық жаңалықтар, сондай-ақ, инвесторлардың психологиясы кіреді. Мысалы, дүйсенбі күндері акциялар бағасының өсуі инвесторлардың демалыс күндерінен кейін нарыққа қайтып келуімен және жаңа аптадағы оптимизммен түсіндірілуі мүмкін. Ал жұма күндері инвесторлар демалыс алдында өз активтерін сатуды жөн көріп, пайдасын құлыптау үшін акцияла-

рын сатуы мүмкін.

Білім алушының байқағаны – бұл тек бір айлық деректерге негізделген нәтиже. Ұзақ мерзімді талдау жүргізу үшін бірнеше айлар немесе жылдар бойы мәліметтерді жинақтау қажет. Сонымен қатар, акциялар нарығында әртүрлі компаниялардың акциялары әр түрлі мінез-құлық көрсетеді. Сондықтан, басқа компаниялардың акцияларына да осындай талдау жасап, нәтижелерді салыстыру орынды.

Бұл талдау арқылы білім алушы акциялар нарығының күрделі табиғатын түсінуге мүмкіндік алды. Нарықтағы өзгерістер кездейсоқ емес, олар көп факторлардың әсерінен пайда болатын ұқты.

Білім алушыға нарықтағы өзгерістердің себеп-салдарын тереңірек зерттеуді ұсындым. Бұл тапсырма тек математикалық сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар, аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектесетінін айттым, білім алушының қызығушылығын байқап оған ғылыми жоба жазуға кеңес бердім және 2019 жылы Астана қаласында экономика бағыты бойынша бизнес жоспар жазып 2 орын иеленді.

## Ұсыныстар

Осындай ерекшеліктерді негізге ала отырып, ең алдымен педагогтерге әдістемені қолданбас бұрын оның талдау элементтерін, құралдарын өз тәжірибесінен өткізіп, тестілеуден өту ұсынылады. Себебі, өзінің математикалық қабілеттерін, логикалық ойлау деңгейін, күшті және әлсіз тұстарын білетін педагог, оны пәнге тиімді кіріктіріп, оқушыларға түсіндіруде қиындық көрмейді. Екіншіден, білім алушыларға аталған құралдардан өтуге ұсыныс жасап, олармен талдамалық әңгіме жүргізу тиімді. Оқу процесінде оқушыларға математикалық есептер мен жобалар,

графиктер құру және зерттеу, пайыздарды есептеу, қаржылық есептерді шешу сияқты тапсырмалар арқылы экономикалық түсініктерді игерту маңызды. Өзін-өзі бағалау және рефлексия элементтерін қосу арқылы оқушылар өз жетістіктері мен оқу процесін бағалай алады. Тұрақты кері байланыс және оқу процесін түзету үшін қалыптастырушы бағалауды пайдалану, үнемі пікір айту мен талқылау оқушыларға өздерінің математикалық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

## Қорытынды

Білім алушылардың математикалық сауаттылығын арттыру арқылы оларды кәсіпкерлікке бағыттау – болашақта табысты кәсіпкерлерді тәрбиелеудің тиімді жолы. Математикалық білім мен кәсіпкерлік дағдыларды үйлестіре отырып, балаларға өз идеяларын жүзеге асыруға, қаржылық мәселелерді шешуге және нарықтық жағдайларды талдауға мүмкіндік береміз. Мұндай білім беру әдістері болашақта балалардың өмірінде маңызды рөл атқарып, олардың табысты кәсіпкер болуына негіз қалайды. Мұғалімдер мен ата-аналардың қолдауы арқылы бұл процесті тиімді ұйымдастыруға болады.

## Қолданылған деректер тізімі

1. Таш М., Сармурзин Е. Ж., Масырова Р. Р. КӘСІП-КЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ КОЛЛАБОРАТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ //Известия. Серия: Педагогические науки. – 2022. – Т. 64. – №. 1.
2. Морозова Т. В. ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ КАК УСЛОВИЕ ФОРМИРОВАНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО ПОТЕНЦИАЛА У ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ //ДЕМИДОВСКИЕ ЧТЕНИЯ-ТУЛА 2015. – 2015. – С. 217-224.
3. Зверева Л. Г., Бельченко Р. А. Формирование финансовой грамотности школьников на уроках математики //Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2022. – №. 1-1. – С. 136-139.

## ● НАПРАВЛЕНИЯ ПОДГОТОВКИ УЧАЩИХСЯ К ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВУ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

**Б.Т. Есенбеков**

Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Ыбрая Алтынсарина,  
г. Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается важность и эффективность применения математики в предпринимательском образовании. Педагогам предлагается опробовать методические инструменты и элементы анализа в своей практике, так как это поможет выявить их способности и слабые стороны. Учащимся предлагается освоение экономических понятий через выполнение практических заданий, таких как решение математических задач и проектов, построение графиков, вычисление процентов, решение финансовых задач. Элементы самооценки и рефлексии позволяют учащимся оценивать свои достижения и учебный процесс. Постоянная обратная связь и методы формирующего оценивания способствуют развитию математических и аналитических способностей учащихся. С акцентом на практическое применение предлагается формировать у учащихся навыки, необходимые для анализа и решения реальных экономических и финансовых ситуаций.

**Ключевые слова:** предпринимательское образование, математика, учащийся, финансовая грамотность.

## ● WAYS TO GUIDE STUDENTS TOWARD ENTREPRENEURSHIP IN MATHEMATICS LESSONS

**B.T. Yessenbekov**

BINOM SCHOOL Lyceum Named After Ybyray Altynsarin,  
Astana, Republic of Kazakhstan

**Annotation.** The article discusses the importance and effectiveness of applying mathematics in entrepreneurial education. Teachers are encouraged to test methodological tools and analysis elements in their practice, as this helps identify their strengths and weaknesses. Students are suggested to master economic concepts through practical tasks such as solving mathematical problems and projects, constructing graphs, calculating percentages, and solving financial problems. Elements of self-assessment and reflection enable students to evaluate their achievements and the learning process. Continuous feedback and formative assessment methods contribute to the development of students' mathematical and analytical abilities. With a focus on practical application, it is proposed to develop students' skills necessary for analyzing and solving real economic and financial situations.

**Key words:** entrepreneurial education, mathematics, student, financial literacy.



FTAMP 14.15.01

## КОМИКСТЕР – БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

**Ш.О. Жиенбаева**

Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

### Аңдатпа.

Мақалада комикстердің білім алушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы рөлі қарастырылады. Оқу сауаттылығының маңыздылығы мен PIRLS зерттеуі талқыланады. Комикстерді сабақта қолдану әдістемесі, оның тиімділігі ашылады. Комикстің негізгі құрылымдық элементтері, оларды оқу, құрастыру үдерісінің білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытудағы ықпалы көрсетіледі.

### Түйінді сөздер:

оқу сауаттылығы, комикс, визуалды оқыту, тіл дағдылары, сабақты ұйымдастыру, оқу нәтижесі.

### Кіріспе

Әлемдік қоғамдастықта оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындықтың ең маңызды өлшемдерінің бірі ретінде қарастырылады. Оқу сауаттылығының негіздері ерте жаста қалыптасады. Баланың ерте жастан бастап оқығанын түсіне, бағалай және түсіндіре алуы оқудың кейінгі кезеңдерінде және ересек өмірде жетістікке жетуі үшін өте маңызды. Бұл сондай-ақ ақпараттандыру дәуірінде оларға үлкен ақпарат ағынында еркін шарлауға және оны сауатты пайдалануға көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын игеру деңгейін PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) халықаралық салыстырмалы зерттеуі анықтайды.

PIRLS – бұл төртінші сыныптың соңында оқушылардың мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге бағытталған әлемдегі жалғыз ауқымды зерттеу. Оқудың дәл осы кезеңінде білім алуды одан әрі сәтті

жалғастыру үшін қажет негізгі білім мен дағдылар қалыптасады.

Халықаралық негізгі «PIRLS–2021» зерттеуі негізінде сарапшылардың тұжырымдауы бойынша «Оқу сауаттылығы» – бұл адамның өмірде толыққанды қалыптасуына және жеке мақсаттарына жетуіне қажетті әртүрлі жазбаша және сөйлесу формасын түсінуі мен терең ойлау, өз мақсаттарына жетуі мен өмірде толыққанды жетістікке жету қабілеті деп көрсетіледі.

PIRLS зерттеуі бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған.

Сондықтан бастауыш сыныпта тіл сабақтары негізінде бастауыш сынып оқушылары оқу сауаттылығын қалыптастыруда үздіксіз ізденіс пен заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. Ондағы басты мақсат - жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда мәтінмен жұмыс жасату.

Оқушының шығарманы, мәтінді сезіммен қабылдай отырып, құлшыныспен оқу үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Осындай жұмыстар барысында оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін комикс жанрын қолдануға болады.

Білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін сабақта комикстерді пайдалану келесідей жолдармен жүзеге асыруға болады.

1. Оқу мақсаттарымен байланыстыру.
2. Әртүрлі дидактикалық мақсаттарда қолдану.
4. Оқу әрекетін ұйымдастыру.
5. Оқу нәтижелерін бағалау

Комикс жанрын оқу процесіне тиімді енгізу оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттырады, пәндік білім мен тілдік дағдыларды кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты: білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыруда комикс жанрларын қолдану.

## Әдістеме

Қазіргі заманғы технологиялардың бірінің оқу ақпаратын баяндау туралы көптеген шет елдерде білім беру ортасында сұранысқа ие білім беру комиксі болып табылады. Комикс ақпаратты беру үшін логикалық ретпен суреттер жиынтығын білдіреді. Әңгімелеу өнерінің бағыты ретінде комикс Испания мен Францияда көрнекті адамдардың өмірі туралы әңгімелерден тұратын шығарма түрінде қолданылған. Жапонияда оқу материалының сұранысқа ие көрнекі берілуінің мысалы-кең білім беру мүмкіндіктері бар және елдің заманауи бұқаралық мәдениетінің негізі болып табылатын Манга комикстері. Комикстер өндірісі бойынша Жапония әлемдік көшбасшы болып табылады.

Комикс – бұл әртүрлі көркем бейнелер (сурет, иллюстрация) мен қысқа мәтіндерді (сөйлемдер, диалог) үйлестіре отырып, бір-бірімен байланысты оқиғаларды сериялық түрде баяндайтын көркем

шығарма.

Комикстің негізгі құрылымдық элементтері:

1. Кадр (панель) – оқиғаның бір эпизодын бейнелейтін көркем сурет.
2. Мәтін (диалог, монолог) – кадрлардағы кейіпкерлердің сөздері мен ойларын білдіреді.
3. Экспрессия – кейіпкерлердің эмоциялары мен қимыл-қозғалыстарын көрсететін бейнелеу.
4. Композиция – кадрлардың орналасуы, өлшемі, ырғақы, динамикасы.

Комикстер сюжетті дамыту, оқиғаларды көрсету, идеяларды жеткізу үшін пайдаланылады. Олар мұражайлар, газеттер, ғаламтор, кітаптар сияқты түрлі арналарда ұсынылуы мүмкін.

Білім алушылардың комикс жасауға үйретудің келесідей жолдарын қарастыруға болады:

1. Комикс жанрымен таныстыру:
  - Әртүрлі жанрдағы комикстерді оқып, талқылау.
  - Комикстердің құрылымдық элементтерін (кадр, мәтін, экспрессия) зерделеу.
2. Шығармашылық қабілеттерін дамыту:
  - Сюжет құрастыру, кейіпкерлерді дамыту дағдыларын қалыптастыру.
  - Көркем бейне құрастыру, сурет салу, көркемдік элементтерді пайдалану.
3. Технологиялық дағдыларды қалыптастыру:
  - Комикс жасаудың техникалық құралдары (қалам, маркер, сканер) мен бағдарламаларымен (Creator, Canva) жұмысты үйрету.
  - Сурет пен мәтінді қосып, кадр құрастыру, композиция жасау дағдыларын дамыту.
4. Тақырып таңдап, оқиға желісін құрастыру:
  - Оқушылардың жасына, қызығушылығына сәйкес тақырып таңдау.

- Басталуы, дамуы, шешімі бар толық оқиға құрылымын құрастыру.

#### 5. Комиксті ресімдеу және ұсыну:

- Кадрлар мен мәтінді үйлестіріп, композиция құру.
- Комиксті өзара, ұжымда талқылап, кері байланыс беру.
- Жасалған комикстерді көрме, ғаламтор арқылы ұсыну.

Осы технологияны сатылап, жүйелі түрде қолдана отырып, оқушылардың комикс жасау біліктері, шығармашылық және коммуникативті дағдылары қалыптасады.

Комикс жасаудың негізгі әдістері келесілер болып табылады:

#### 1. Қолмен жасау әдісі:

- Қалам, маркер, бояулар сияқты қарапайым заттармен суреттер салу.
- Кадрлар мен мәтіндерді қағазға жазып, кесіп, құрастыру.
- Суреттерді сканерлеп, компьютерде өңдеу, композиция құру.

#### 2. Компьютерлік бағдарламалар арқылы жасау:

- Арнайы комикс жасайтын бағдарламалар (Comic Life, Pixton, Canva) пайдалану.
- Суреттерді сандық графикалық редакторларда (Photoshop, GIMP) құру.
- Мәтін пен суреттерді интерактивті түрде құрастыру.

#### 3. Фотосуреттерді пайдалану:

- Фотокамера, смартфонмен фотосуреттер түсіру.
- Фотомонтаж арқылы кадрлар мен оқиға желісін құрастыру.
- Фотосуреттерді компьютерде өңдеп, мәтіндермен толықтыру.

#### 4. Аниматорлық әдіс:

- Қағаздағы суреттерден тұратын кадрларды жылдам ауыстыру.
- Сандық бағдарламалармен қозғалыстарды бейнелеу (Stop motion).
- Қозғалыстарды бейнелеудің экспериментальды техникалары.

Әр әдістің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қол жетімді құралдарға, шығармашылық деңгейлеріне байланысты осы әдістердің тиімді үйлесімін қолдануға болады.

### Практикада қолдану

Зерттеу жұмысы 2023-2024 оқу жылы Астана қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы Binom School мектеп-лицейінің базасында жүргізілді. Зерттеуге 3 «Ғ» сынып оқушылары қатысты.

Оқушылар әдебиеттік оқу сабақтарында комикстерді төмендегі кезеңдер арқылы құрастырады.

#### 1. Кіріспе панелі

#### 2. Оқиғаның дамуы

#### 3. Кульминация панелі

#### 4. Қорытынды панелі

Мысалы; Есеннің кірпісі (Сапарғали Бегалин) әңгімесінде оқушыларға жаңа білімді меңгертуде, оқу мақсаттарына сәйкес топтық жұмыс жасау барысында комикс жасау ұсынылды.

Оқу мақсаттары:

3.1.3.1 – шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау.

3.2.3.1 – шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау.

3.3.3.1 – шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну.

«Есеннің кірпісі» әңгімесі бойынша берілген оқу мақсаттарына сәйкес комикс жасау төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1. 3.1.3.1 - шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау:

- Комикстегі кадрларда Есен мен Қабидің мінез-құлқы, олардың кірпіге деген қамқорлығы, қарым-қатынасы көрсетіледі.

- Кірпінің мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін бейнелеу арқылы оқиғаның дамуы, соңы

болжанады.

2.3.2.3.1 - шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау:

- Комикстің кіріспе және қорытынды кадрларындағы мәтіндер арқылы әңгіменің тақырыбы, негізгі ойы ашылады.

- Кульминация панеліндегі мәтіндер мен бейнелер әңгіменің түйінді ойын білдіреді.

3.3.3.1 - шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну:

- Комикс жасау барысында оқушылар шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

- Сурет, диалог, қозғалыс, композиция арқылы әңгіменің оқиғасы мен идеясын бейнелейді.

«Есеннің кірпісі» әңгімесі бойынша комикс құрастыру арқылы оқушылар кейіпкерлердің мінез-құлқын, оқиға желісін болжау, шығарманың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау, сондай-ақ, шығармашылық жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Оқушылар комикстің кадрларында Есеннің үйі мен айналасындағы табиғат көріністері, кейіпкерлердің бейнелері, олардың

қимылдары мен эмоцияларын бейнеледі. Мандолина дыбысына қызығушылық танытқан кірпінің бейнесі арқылы табиғат пен өнердің үйлесімі, музыканың табиғи дүниемен байланысы көрсете алды. Бұл арқылы әңгіменің негізгі идеясы мен мазмұны комикс тілімен жеткізе алуын көре аламыз.

1 топ. Кіріспе панелі: Есеннің үйінің айналасындағы көп ағаштар мен қызғылт бүлдіргендер, өріктерді бейнеленген.

2 топ. Оқиғаның дамуы: Есен мен Қаби ағаштың арасындағы шатырда отырып, мандолина тартып отырғанын және кірпі ағаштардың арасынан шығып, шатырға келіп, мандолина дыбысын тыңдап тұрған күйін бейнелеген.

3 топ. Кульминация панелі: Кірпі тыңдап тұрған сәтті Есен мен Қаби бақылап отырғанын және Қаби таңырқап қарағанын бейнелейді.

4 топ. Қорытынды панелі: Есен мен Қаби кірпінің әуен ырғағын сезгенін айтып, оны қызығушылықпен бақылап отырғанын және кірпі шатырдан шығып, ағаштардың арасына қайтадан жасырынғанын бейнелеген.



1 сурет – Кіріспе панель



2 сурет – Оқиғаның дамуы



3 сурет – Кульминация панелі



4 сурет – Қорытынды панелі

Сабақ барысында комикс жасау арқылы оқушылар берілген мәтінді белсенді түрде оқып, ақпарат жинауға үйренеді. Бейнелер жасау арқылы ойлау, шығармашылық қабілеттері, қиялы дамиды.

Комикстердегі сурет, бейне, түс, композиция элементтерін пайдалану оқушылардың визуалды қабылдауын жетілдіреді. Бұл оқушылардың оқылған мәтінді түсінуге, есте сақтауға көмектеседі. Комикс арқылы шығарманың мазмұны мен идеясын визуалды және қысқа, нақты түрде жеткізе алады. Сонымен қатар ынтымақтастық қарым-қатынасты қалыптастырады.

Осылайша, комикс жасау сабақтарда оқушылардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік дағдаларын қалыптастыруға, олардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

### Ұсыныстар

Әдебиеттік оқу сабақтарында комикс жанрын тиімді қолдану үшін мына ұсыныстарды ескеруге болады:

1. Оқу бағдарламасына сәйкес келетін әдеби шығармалардың мазмұнын және идеясын ашу үшін пайдалану.
2. Жаңа тақырыпты таныстыру, түсіндіру үшін комикс пайдалану.
3. Мәтіннің мазмұнын бекіту, қайталау, қорыту үшін комикстерді қолдану.
4. Шығармашылық және зерттеушілік тапсырмаларда комикстерді пайдалану.
5. Жеке, жұптық, топтық жұмыс нысанында қолдану.

Әдебиеттік оқу сабақтарында комикс жанрын тиімді қолданудың осы ұсыныстары әртүрлі оқу міндеттерін шешуге, оқушылардың оқу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, комикстер білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыруда тиімді құрал болып табылады. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, оқырмандық дағдыларын жетілдіреді. Оқу түсінігін жақсартады. Мәтін мен бейненің байланысын орнатуға көмектеседі. Шығармашылық дағдылары мен ынтымақтастық қарым-қатынасты қалыптастырады. Осылайша, комикстерді әдебиеттік оқу сабақтарында жүйелі түрде қолдану арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, пәндік және жалпы дамуына ықпал етуге болады.

### Қолданылған деректер тізімі

1. «PIRLS-2021: Қазақстан нәтижелері» Ұлттық есебі. - Астана қ.: Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, «талдаудағы «білім беруді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ. А. Байтұрсынова», 2023. – 88 б.
2. Карсыбаева Р. К., Исакова Л. М. PIRLS-халықаралық зерттеудің мәні мен мағынасы: бастауыш сыныптарда оқу сауаттылығын қалыптастыру // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. – 2023. – №. 2. – С. 85-97.
3. Ыбыраимжанов К., Кыдырбаева Г. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру //Scientific Collection «InterConf». – 2024. – №. 186. – С. 135-140.

## КОМИКСЫ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Ш.О. Жиенбаева

Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Ыбрая Алтынсарина  
г. Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается роль комиксов в развитии читательской грамотности обучающихся. Обсуждается важность читательской грамотности и исследования PIRLS. Раскрывается методика использования комиксов на уроке, ее эффективность. Отражаются основные структурные элементы комикса, влияние процесса их чтения, конструирования на развитие читательской грамотности обучающихся.

**Ключевые слова:** читательская грамотность, комикс, визуальное обучение, языковые навыки, организация урока, результат обучения.

## ● COMICS AS A MEANS OF IMPROVING STUDENTS READING LITERACY

**S.O. Zhienbayeva**

Binom School-Lyceum named after Ybyrai Altynsarin

Astana, Kazakhstan

**Annotation.** This article examines the role of comics in developing students' reading literacy. The importance of reading literacy and PIRLS research is discussed. The methodology of using comics in the classroom and its effectiveness are revealed. The main structural elements of a comic book, the influence of the process of their reading, construction on the development of students reading literacy are reflected.

**Key words:** reading literacy, comic book, visual learning, language skills, lesson organisation, learning outcome.



FTAMP 14.15.01

## ХИМИЯ САБАҒЫНДА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**А.К. Жубанова**Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Мақалада химия сабағында зертханалық жұмыс арқылы білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жолдары көрсетілген. 7-сынып білім алушылары арасында «Ерітінділердің қышқыл-сілтілік ортасын анықтау» тақырыбында зертханалық жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде білім алушылардың зерттеушілік дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар білім алушылар топпен жұмыс істеуге, қорытынды жасауға, білімді өз бетінше нақтылауға және тұжырымдауға мүмкіндік алды.

**Түйінді сөздер:** зертханалық жұмыс, практикалық жұмыстарды ұйымдастыру, зерттеушілік дағды, химия сабағы.

### Кіріспе

Қазіргі таңда химия пәнін оқытудың маңызды құралдарының бірі – химиялық тәжірибе. Зертханалық тәжірибе химия сабағында теориялық мәнді, яғни химия ғылымының негізін құрайтын негізгі заңдар мен өзгерістерді көрнекті түрде түсіндіру. Оқушыға арналған бұл заңдар тек жаттауға болатын тұжырым болмауы керек. Оқушыны бұл тұжырымға нақты фактілерге, яғни зертханалық тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып жеткізу қажет. Осылайша зертханалық жұмыстың танымдық рөлі ашылады [1].

Кез келген құбылысты зерттеу теориялық тұрғыдан түсінуді және зертханалық тәжірибенің болуын талап етеді, өйткені кез келген зертханалық деректер теориялық тұрғыдан түсініктеме табуы керек. Әрине, мұндай байланыс білім алушылардың зерттеу дағдылары мен мінез - құлқын дамытуға ықпал етеді. Химия пәні бойынша зерттеулерді ұйымдасты-

руда оның практикалық бағыттылығының маңызы зор [2].

Тақырыптың өзектілігімен Қазақстанда да, шетелде де жүргізілетін көптеген зерттеулермен расталады. Отандық әдебиетте зерттеу дағдыларын дамыту мәселелерімен Бекишев К. [3] сияқты ғалымдар айналысқан. Ол ақиқатты меңгерудің әмбебап құралы ретінде, зерттеушілік ойлау қабілетін қалыптастыруға, туындаған мәселенің шешімін табуға ықпал ететінін көрсетеді. Шетел әдебиеттерінде бұл тақырып да маңызды рөлге ие. Доктор Бадри зертханалық жұмыс нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін, білім алушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыратын және олардың зерттеу дағдыларын қалыптасатынын атап өтті. 2006 жылы Асфа мен Камяби “Ирандағы орта білім беру жүйесінде зертханалық жұмысты жүзеге асыруға кедергі келтіретін себептер” атты ғылыми-зерттеу жұмысында мұғалімдер

тәжірибелік қызметті жоспарлау мен жүзеге асырудың жаңа модельдеріне дайын болуы, мектептердегі зертханалардың қызметін дұрыс бағалау және басқару әдістері туралы жеткілікті білімі болуы керек екенін атап өтті [4].

## Әдістеме

Зертханалық жұмыс жасау химияны оқытудың басты көзі болып саналады. Зертханалық жұмыс жасау барысында химия сабағындағы негізгі заңдарды түсіну, талқылау, ой тұжырымын жасау және дәлелдеуге тура келеді.

Зертханалық жұмыс оқыту әдісі ретінде көбінесе зерттеу сипатына ие және оларды оқушылардың оқу – танымдық белсенділігін арттыратын және ынталандыратын әдістердің қатарына жатқызуға болады. Өйткені зертханалық жұмысты орындау барысында білім алушылар оқу процесінің белсенді қатысушылары болып табылады және өздері жаңа білім алады немесе алған білімдерін бекітеді.

Зертханалық жұмыс белгілі бір зерттеуді жүргізуді және талдауды қамтиды, оның нәтижелері тәжірибе түрде алынады.

Химия сабағында зертханалық жұмыстарды орындау кезінде білім алушылар интеллектуалдық және практикалық дағдыларды қамтитын эксперименттік дағдыларды дамытады. Біріншіден, білім алушылар келесі дағдыларды қалыптастырады: тәжірибенің мақсатын анықтау; гипотеза жасау, жабдықты таңдау, тәжірибені жоспарлау, нәтижелерді салыстыру, талдау, қорытынды жасау және жалпылау. Екіншіден, олар келесі дағдыларды қамтиды: бақылау, әртүрлі өлшеу әдістерін қолдану, нәтижелерді кестелер, диаграммалар, графиктер түрінде рәсімдеу, тәжірибе жасау, орындалған жұмыс туралы есеп беру және т.б.

Зертханалық жұмыстар білімді белсенді меңгеру немесе бекіту әдісі ретінде келесі оқыту мәселелерін шешуге қызмет ете алады:

- зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру;
- өз білімнің тереңдігі мен анықтығын

тексеру;

- теориялық білімін бекіту;
- шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру;

Бұл ретте зертханалық жұмыстың басты ерекшелігі оқушылардың өз бетінше оқудың жалпы дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы болып табылады.

Зертханалық жұмыстың негізгі дидактикалық мақсаты – маңызды теориялық принциптерді эксперименттік растау және тексеру (формулаларды, есептертеулерді эксперименттік тексеру); тәжірибе техникасын меңгеру, тәжірибені тұжырымдау арқылы практикалық мәселелерді шеше білу [5].

Оқушылардың таным іс-әрекеті, яғни оқу барысы тұрғысынан алғанда оқушылардың зертханалық жұмысы мынадай кезеңдерде жүзеге асады:

1. Тәжірибенің мақсатын түсіну;
2. Заттарды зерттеу;
3. Құрал құрастыру немесе дайын күйінде берілген құралды талдау;
4. Тәжірибені орындау;
5. Тәжірибені бақылау, нәтижесінде талдау және қорытынды жасау;
6. Алынған нәтижені түсіндіру және реакция теңдеулерін жазу;
7. Жазбаша есеп беру.

Мұғалім білім алушылардың зертханалық жұмыстарды қалай жасағанын қадағалап, бақылайды, олардың әр тобынан өзіне көшбасшылар тағайындап алады. Білім алушылар жіберген қателер қолма – қол түзетіледі. Зертханалық жұмыстардың техникасы және жабдықтары онша күрделі болмайды, олардың уақыты кесімді және білім алушылар бір мезгілде орындайды [6].

## Практикада қолдану

Химия сабағында зертханалық жұмыс арқылы білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мек-

теп - лицейінің 7 “Д” сыныбының 2022 - 2023 оқу жылының үшінші тоқсанында оқу процесінде қарастырылды.

Тәжірибелерді орындау үшін мұғалім сабақ барысын ұйымдастыру және бақылау парағын әзірледі. Сабақ тақырыбына сай оқу мақсаттары алынып, материалдар мен жабдықтар дайындалды. Білім алушыға тәжірибе барысын жасау кезінде нұсқаулық берді, сол нұсқаулықтың сақталуын мұғалім қадағалады. Оқушы бақылау парағына зертханалық жұмыста жүргізілген деректерді жазып отырды. Зертханалық жұмыста берілген ақпарат оқушының сабақты меңгергенін, теориялық білімін практикада қолдануна негізделді.

Білім алушы алдымен болжам жасап, содан кейін зертханалық жұмысты жасауға көшті. Зертханалық жұмыстар сандық және сапалық әдістер арқылы жүргізілді. Сандық әдіс кезінде білім алушылар нақты сандар арқылы мәліметтермен жұ-

мыс жасап, график, кестелерге түсірді. Сапалық әдіс кезінде заттың құрамын анықтау арқылы бақылаған құбылыстарды бақылау парағына жазды.

Сабақ «№7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау» тақырыбында өткізілді. Сабаққа 24 білім алушы қатысты. Білім алушылар зертханалық тәжірибе арқылы сабақ берілді.

Білім алушыларға заттардың сапалық құрамын анықтау үшін жасырылған яғни нөмірленген сынауықтарға белгісіз ерітінділерді құйып берілді. Білім алушылар алдында тұрған ерітінділерді анықтау кезінде жұмыс парақтарына реттілікпен нөмірленген сынауықтарды жазып, бақылған құбылыстарын кестеге түсірді. Ол үшін 24 оқушыны 6 топқа бөліп бірнеше нұсқада дайындап, 4-5 оқушыдан тәжірибені орындайтындай қамтамасыз етілді (1-кесте).

#### 1-кесте - Нөмірленген сынауықтардың әртүрлі нұсқалары

Нөмірленген сынауықтар	Нұсқалар		
	1-топ, 4-топ	2-топ, 5-топ	3 топ, 6-топ
I	Ас содасы ерітіндісі	Сірке қышқылы ерітіндісі	Ас тұзы ерітіндісі
II	Сірке қышқылы ерітіндісі	Лимон қышқылы ерітіндісі	Сусабын ерітіндісі
III	Ас тұзы ерітіндісі	Ас содасы ерітіндісі	Лмион қышқылы ерітіндісі
IV	Лимон қышқылы ерітіндісі	Сусабын ерітіндісі	Сірке қышқылы ерітіндісі
V	Сусабын ерітіндісі	Ас тұзы ерітіндісі	Ас содасы ерітіндісі

Мысал ретінде «ас содасы, сірке қышқылы, ас тұзы, лимон қышқылы, сусабын ерітінділері қай нөмірлі пробиркада орналасқанын бір реагенттің көмегімен анықтаңдар». Бұл есепті сыныптағы барлық оқушы орындап шықты. Заттарды анықтау үшін зат пен реагент арасындағы реакцияларды жасады. Сапалық әдіс кезінде реакция жылдам жүруі тиіс, реакция қайтымсыз болуы, сыртқы белгілер бақылауды қажет етеді, сол себепті білім алушылар бақылау парағына жазып отырды.

№7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау»: заттар нөмірленген сынауықтарға салынып қайсысында ас содасы, сірке қышқылы, ас тұзы, лимон қышқылы, сусабын ерітінділерінің бар екенін анықтаңдар.

Білім алушылар бұл тәжірибені мына ретпен орындады:

1. Жұмыс мақсатын айқындап алады, гипотеза арқылы болжам жасады.

2. Берілген заттардың химиялық формуласын жазып, қосылыстарға тән реактивтерді анықтады;
3. Талдау жүргізу жоспарын жазды;
4. Заттардың агрегаттық күйлерін көрсете отырып қосылыстар мен реактивтер арасында жүруі мүмкін реакция теңдеулерін бақылау парағына түсірді.

## 2-кесте - «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау» тәжірибенің жауабы

Берілген заттардың ерітінділері	Реактивтер		
	Лакмус индикатор	Табиғи индикатор	Әмбебап индикатор қағазы
Ас содасы	Көк	Көгілдір	pH=8, көк-жасыл
Сірке қышқылы	Қызыл	Қызғылт	pH=3, қызыл - сары
Ас тұзы	Күлгін	Көгілдір	pH=7, жасыл
Лимон қышқылы	Қызыл	Қызғылт	pH= 2, қызғылт-сары
Сусабын	көк	Сия көк	pH=9, көк

Кестеге қарай отырып реттілікпен заттарды анықтады. Әр топтың білім алушылар сынауықтағы заттардың ортасын анықтау бойынша лакмус индикаторы, табиғи индикаторлар, әмбебап индикатор қағазы арқылы түстерін бақылап заттарды күшті және әлсіз екенінде сипаттады [7].

Құбылыстарды ажыратып, тану, мән беру, реакция белгілерін бақылауда салыстыру, талдау, ойлау дағдысын қалыптастыруда оқушылардың ойлау білігі дамуына көмектесті.

## 3 – кесте - Білім алушылардың зертханалық тәжірибе бойынша жалпы білім деңгейлері

Білім деңгейі	Топтар					
	1-топ, 4 оқушы	2-топ, 4 оқушы	3-топ, 4 оқушы	4-топ, 4 оқушы	5-топ, 4 оқушы	6- топ, 4 оқушы
Өте жақсы	2	4	2	3	1	2
Жақсы	1	-	2	1	2	1
Қанағаттанарлық	1	-	-	-	1	1
Барлық оқушы саны	24 оқушы					

Бұл зертханалық жұмыс білім алушылардың нәтижелері анық көрінді және мұғалімге тексеру тиімдірек болды. Зерттеу нәтижесінде қателіктер орын алған жағдайда басқа топтармен салыстыруға мүмкіндік берді.

Зертханалық жұмыс шығаруға 24 оқушы қатысып, олардың ішінде 6 топқа бөлу арқылы барлық оқушылардың орында-

уына мүмкіндік берілді. Оның 14 оқушысы өте жақсы, 7 оқушы жақсы, 3 оқушы қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізді. Білім алушылардың зертханалық тәжірибе барысында зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға, алынған нәтижелерді талдауға, ойлау дағдыларын қалыптастыруға зор ықпалын тигізді. Сонымен қатар химия пәніне деген қызығушылығы артып, құбылыстарды түсіну мен қолдану

дағдылары қалыптастып, топтық жұмыс жасау және қорытынды шығаруға дағдыланды.

### Ұсыныстар

Зерттеушілік дағдыларды сабақта сәтті енгізу үшін бірқатар ұсыныстарды жүзеге асыру керек. Химия сабақтарында білім алушылардың ғылыми-зерттеу және зерттеушілік дағдыларын ұйымдастыру ерекшеліктері маңызды аспектілер болып табылады. Оқу процесінде зертханалық жұмыс жасау кезінде зерттеу мәселесін қою, гипотезаны тұжырымдауды білім алушыларға реттілікпен енгізу қажет. Мұғалім сабақты жоспарлау кезінде экспериментті алдын ала жоспарлап, нәтижелерді рәсімдеу мен бақылау парағын әзірлеу қажет. Зертханалық жұмыстарға жұмыс парағын жасау кезінде оқушыларға түсінікті, әрі әртүрлі кесте, диаграмма, график түрінде енгізу ұсынылады. Бақылау парағына нақты деректер алатын сұрақтар әзірлеу қажет. Сонда ғана зертханалық жұмыстың құрылымы нақты білім алушыға түсінікті және ыңғайлы болады.

### Қорытынды

Химия ғылымының мәні – оқу процесінде зерттеушілік дағдылардың болуында. Қазіргі кезеңдегі білім берудің басты міндеті - аналитикалық ойлауды білетін, қазіргі ғылымның негізгі идеяларымен таныс мамандарды дайындау. Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруынсыз химияны зерттеу мүмкін емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық, топтық, жауапкершілік сияқты жеке қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді.

Білім беру саласындағы қазіргі заманғы процестер мен өзгерістерді ескере отырып, зерттеу дағдыларын білім алушының бойына қалыптастыруды жалғастыру қажет. Бұл білім беру сапасының жоғары деңгейде болуына және кез келген өмірде тап болатын өзгерістерге дайын болуға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың жұмыс мақсатын айқындап алу, гипотеза мен бақылау па-

рағына ерекше назар аудару қажет, өйткені олардың біліктілігі мен қолданылуы зерттеушілік дағдының табысты болуына тікелей әсер етеді. Мұғалімнің зертханалық жұмысты жоспарлауы мен дұрыс ұйымдастырылуы жеткілікті болса, білім алушыларға сабақты теориядан практикаға өтуі тиімді және түсінуіне мүмкіндік береді. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай зертханалық жұмыстарды оңайдан күрделіге қарай ұйымдастыруды ескеру маңызды.

Қорытындылай келе, химияны оқыту кезінде зертханалық жұмыстар сабақты дұрыс жоспарлау, білімді нақтылауға және оны тиімдірек әрі қызықты етуге қабілетті қуатты құрал болып табылады. Ақпараттық қоғам жағдайында зерттеушілік дағды білім беру процесінде одан әрі зерделеу мен енгізудің маңыздылығы мен қажеттілігі өзекті болып отыр.

### Қолданылған деректер тізімі

1. Гуламова, М. Б. Роль химического эксперимента в решении познавательных и учебно-воспитательных задач / М. Б. Гуламова, Б. Б. Рахимов. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 13 (117). — С. 782-783.
2. Дробышев Е. Ю. Учебно-исследовательская деятельность учащихся на уроках химии и во внеурочное время: сравнительный анализ // Школьные технологии. – 2019. – № 1. – С. 79-86.
3. Бекишев К. Тенденции развития системы образования в Республике Казахстан. – Российский химический журнал, 2011, LV, №4, с. 89-96.
4. Ардестани Марям Сераджиян, Бадриан Абед СОСТОЯНИЕ ЛАБОРАТОРНЫХ РАБОТ ПО ХИМИИ В УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ ИРАНА // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2014. – № 2-2. – С. 40-42;
5. Ширшова Т. А., Полякова Т. А. Лабораторные работы как средство мотивации и активизации учебной деятельности учащихся // Омский научный вестник. – 2015. – № 4 (141). – С. 188-190.
6. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. 2014. - Алматы, 2014. - 61-62 б.
7. Оспанова М.Қ., т.б. Химия. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / М.Қ. Оспанова, Т.Г. Белоусова, Қ.С. Аухадиева. - Алматы: Мектеп, 2017. - 136 б, сур.

## ● **ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПУТЕМ ЛАБОРАТОРНОЙ РАБОТЫ НА УРОКЕ ХИМИИ**

**А.К. Жубанова**

Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Ыбрая Алтынсарина,  
г. Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** В статье представлены пути формирования исследовательских навыков обучающихся путем лабораторной работы на уроках химии. Лабораторная работа проводилась среди обучающихся 7 классов на тему «Определение кислотно-щелочной среды растворов». В результате у обучающихся сформировались исследовательские навыки. Одновременно обучающиеся получили возможность работать с группой, делать выводы, уточнять и формулировать знания самостоятельно.

**Ключевые слова:** лабораторная работа, организация практической работы, исследовательские навыки, урок химии.

## ● **FORMATION OF STUDENTS' RESEARCH SKILLS THROUGH LABORATORY WORK IN A CHEMISTRY LESSON**

**A. K. Zhubanova**

BINOM SCHOOL Lyceum Named After Ybyray Altynsarın,  
Astana, Republic of Kazakhstan

**Annotation.** The article shows the ways of forming students' research skills through laboratory work in chemistry lessons. Laboratory work was carried out among students of grades 7 on the topic «Determination of the acid-base medium of solutions». As a result, the students' research skills were formed. At the same time, students had the opportunity to work with a group, draw conclusions, refine and formulate knowledge independently.

**Key words:** laboratory work, organization of practical work, research skills, chemistry lesson.



FTAMP 14.15.01

## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**К.К. Жубанова**Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада функционалды сауаттылықтың құрамдас элементі ретінде негізгі мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын дамыту бойынша автордың тәжірибесі келтірілген. Математика сабағында математикалық сауаттылыққа арналған тапсырмалар диаграмма, кесте арқылы көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** математикалық сауаттылық, функционалды сауаттылық, математика сабағы, деректермен жұмыс істеу..

### Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі білім алушыларды деректермен жұмыс жасау арқылы қолда бар ақпаратты талдауға, салыстыруға, қорытынды жасауға және шығармашылық алған білімдерін пайдалануға қабілетті жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Математикалық сауаттылыққа арналған тапсырмалар функция қасиеттерімен, диаграммалармен және графиктермен жұмыс істеу қабілетін дамытуға, белгілерді тұжырымдауға және оларды оқуға, кестелермен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға, мәтін бойынша деректерді байланыстыруға және жаңа ақпаратты табу және оны талдауға, бірнеше көздерден алынған білімді түсіндіруге, өз ойларын құруына көмектеседі [1].

“Математика бойыша оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама тестінің құрылымы-2021” (ЭЫДҰ, 2018, 7 бет) құжатына сәйкес математикалық сауаттылық келесі түрде

анықталады: математикалық сауаттылық – бұл адамның математикалық ойлау, шынайы өмірдің әртүрлі жағдайларындағы есептерді шешу үшін математиканы қолдану және түсіндіре білу қабілеті. Бұл ұғым құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжауға арналған тұжырымдамаларды, процедураларды, фактілер мен құралдарды қамтиды. Математикалық сауаттылық адамдарға әлемде математиканың қандай рөл атқаратынын білуге және ХХІ ғасырдың конструктивті, мүдделі және ойлаушы азаматтарына қажетті пайымдаулар мен шешімдерді қабылдауға көмектеседі [2].

Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту мәселеріне арналған шетел ғалымдары Кок-Синг Тан мен П.Джон Уильямс [3], Хери Ретнавати және Нида Ф. Вуландаридің [4] және Г. А. Кемельбекованың [5] және басқалардың зерттеулері бар. Кок-Синг Тан мен П. Джон Уильямс әр пәнде сауаттылықтың қалай анықталғанын, тұжырымдалға-

нын және зерттелгенін білу үшін ғылым, техника және математикалық білім беру саласындағы ғылыми әдебиеттерді зерделеген. Содан кейін барлық пәндер бойынша ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтаған [3]. Хери Ретнавати және Нидя Ф. Вуландари оқушылардың математикалық сауаттылығының дамуын мектеп деңгейіне және оқушылардың жынысына байланысты сипаттаған [4].

Халықаралық салыстырмалы зерттеулер әртүрлі елдердегі білім беру жүйесінде болып жатқан жағдай мен өзгерістерді анықтауға, салыстыруға және стратегиялық шешімдердің тиімдігін бағалауға мүмкінді береді.

Жалпы және кәсіптік білім беру мекемелерінде білім алушылардың математика, жаратылыстану ғылымы, оқу сауаттылығы бойынша функционалдық сауаттылығы бағаланады. Әлемнің әр түрлі елдерінде функционалды сауаттылық білімді практикада қолдана білу (үш жылда бір рет жүргізіледі; тестке 15-ке толған оқушылар қатысады), жоғары сынып түлектерінің бестен бір бөлігі шекті деңгейге жетпейтінін көрсетеді. Білім алушыларда математикалық сауаттылығының қалыптасуын бақылау бойынша тапсырмаларды орындауда қиындықтар кездеседі. Соның ішінде әртүрлі нысандарда ұсынылған ақпаратпен жұмыс (сурет, мәтін, кесте, диаграмма) болып табылады. Тест сұрақтарының жауаптары оқушылардан бір мезетте бірнеше кестелер мен графиктерде берілген ақпаратпен жұмыс істеуді талап етеді. Жағдай проблеманың шартында артық ақпарат болуымен де қиындайды.

## Әдістеме

Деректермен жұмыс жасау математика сабағында жиі кездеседі. Математикадан алған білімін берілген ақпараттармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға математикалық сауаттылық тапсырмалары шынайы өмірмен байланыстырылған, күрлендірілген және кеңірек қамтылған.

Математика пәні мұғалімдері үшін әрбір сабақты жоспарлау барысында оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту назарға алынуы қажет.

Деректерді талдап түсіндіру және қорытынды алуға арналған ғылыми дәлелдерді пайдалану зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Бұл дағдыны бағалау тапсырмалары әртүрлі формада: график, кесте, диаграмма, фотосуреттер, сөздік мәтін түрінде ұсынылған деректерді талдап түсіндіру негізінде қорытындыны тұжырымдау қажет. Деректер формалар үйлесімі түрінде беріледі.

*Дөңгелек диаграмма.* Бүтін 100% -ға тең болғанда пайызын көрсету үшін арналған. Дөңгелек диаграммалар деректерді салыстыру үшін пайдаланылады.

*Гистограмма.* Деректерді салыстыру үшін арналған. Гистограммада ұсынылған деректер қандай да бір басқа айнымалыларға тәуелді болуы міндетті емес және деректерді топтастыру, сандық және сапалық түрінде болады.

*Сызықты график* торға түсірілген және сызықпен біріктірілген нүктелер тобынан құралады. Сызықты графиктер тек екі айнымалы да сандық болған жағдайда қолданылады. Сызықты графиктер үрдісті, мысалы 2000 және 2020 жылдар аралығындағы орташа айлық көрсеткіш.

*Нүктелі диаграмма.* Нүктелер торға белгіленген, алайда олар өзара қосылмаған. Сәйкестік сызығы нүктелі диаграммада трендті көрсету үшін салынуы мүмкін. Нүктелі диаграммалар айнымалылардың екеуі де сандық болғанда ғана пайдаланылады. Бұл графиктер екі айнымалы арасындағы арақатынастылықты, әсіресе айнымалылардың бірін өзгерту мүмкін болмаған жағдайда көрсету үшін пайдалы болады [2].

Негізгі мектеп оқушылары тапсырма орындау барысында кесте, график және диаграммалардағы ақпаратты түсіндіріп, қорытынды жасай білуі керек. Тапсырмаларда оқушыларға ғылыми ақпаратты берудің бір формасынан екіншісіне, мысалы сөздік ақпаратты - сызбалы суретке, кесте формасын - график немесе диаграммаға түрлендіру ұсынылуы тиіс.

Осындай форматтағы тапсырмалар келесілерді анықтайды:

- оқушы берілген сызбадан деректерді қаншалықты түсініп, одан қажетті ақпаратты ала алады;
- жалпы оқу біліктіліктері мен дағдыларының даму деңгейі (зияткерлік, танымдық);
- өз бетінше білім алу және заманауи әлемде табысты бейімделу үшін қажетті қызмет тәсілдерін таңдау қабілеті, яғни стандарттан тыс жағдайларда нәтижелі әрекет ету;

Тапсырма құрастыру барысында берілген тапсырманың күнделікті тұрмыста, шынайы ақпаратқа негізделген болуы керек. Әр тапсырма, жағдай, жағдаят, шешімін табуды қажет ететін мәселе, есептің шарттары жеке тәжірибеге, басқа тараулардағы қосымша ақпаратқа қатысты болады.

Сонымен қатар тапсырмалар ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту арқылы математика пәніне қызығушылықты қалыптастыруға жағдай жасап, мұғалімге әрбір сабақ барысында оқушылардың жетістігін салыстырып, қажетті күтілетін нәтижелер арасындағы айырмашылықты азайту жолдарын анықтауға көмектеседі. Әрбір тапсырма үшін оқу мақсаттары, оның негізгі сипаттамалары, түсініктеме және шешу жолдары көрсетіледі.

Математикалық сауаттылықты қолданудың төрт саласы бар. Олар: өзгерістер және қатынастар, кеңістік және форма, сан, анықталмағандық және деректер. Білім алушыларға төрт мәнмәтінде түрлі жағдайлар ұсынады: жеке, кәсіби, әлеуметтік, ғылыми. Сонымен қатар, білім алушылардың құзыреттілік деңгейі тексеріледі: математикалық негіздеу, жағдайларды математика тілінде тұжырымдау, математикалық ұғымдар, фактілер, процедуралар мен негіздемелерді қолдану, математикалық нәтижелерді интерпре-

тациялау, қолдану және бағалау. Сұрақ түрлері жауап нұсқасы таңдалатын, қысқа жауапты қажет ететін, толық жауапты қажет ететін сұрақтар болып бөлінеді. Тапсырмалардың күрделілік деңгейі 1-ден 6-ға дейінгі шкала бойынша өзгереді.

Математика сабағында математикалық сауаттылық тапсырмаларын шығаруда қолданылатын әдістер: ситуациялық есептерді қолдану, графиктер мен диаграммаларды талдау, жобалық оқыту, кестелік деректерді пайдалану, басқа пәндермен интеграция, практикалық есептерді шешу.


### Практикада қолдану

Математика сабағында деректермен жұмыс істеу арқылы математикалық сауаттылығын қалыптастыру үшін Ы.Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылының 8 сынып оқушыларына сабақ барысында тапсырма берілді. Оқушыларға сабақ барысында ақпаратпен жұмыс арқылы математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында деректер берілген арнайы парақтар ұсынылды.

8-сыныптың алгебра пәні бойынша білім алушыларға оқу мақсаттарымен нақты жұмыс барысы таныстырылды. Сабаққа 20 оқушы қатысты. Оқушылар төрт оқушыдан 5 топқа бөлінді. Тапсырмада есептің шарты, түсіндірме, сұрақтар тізімі берілді. Төменде сабақта қолданылған тапсырмалар көрсетілді.

**1-тапсырма.** А) «Қазақстандағы жауын-шашын». Диаграммада Қазақстан жауын-шашын туралы ай сайынғы мәлімет көрсетілген. Жауын-шашынның көп бөлігі шілде айында болады.

Нұсқаулық. Тапсырманы орындамай тұрып, арифметикалық орта, мода, медиана, құлаштарды қайталаңыз.



1-сурет – Қазақстан жауын-шашын мөлшері

### “Ауа райы”

Ауа-райы атмосфераның жергілікті жердегі белгілі бір уақытта немесе уақыт аралығында (тәулік, ай) байқалатын құбылмалы жағдайы. Ол көбіне атмосфераның төменгі тропосфера қабатының күйімен сипаттайды. Себебі, ауа райын өзгертетін негізгі процестер осы қабатта дамиды. Сондықтан жер бетіндегі ауа райының өзгеру себептерін білу үшін атмосфераның жоғарғы биік қабаттары зерттеледі. Ауа райы метеорологиялық өлшемдермен (температура, қысым, жел, ауа ылғалдылық, бұлттылық, атмосфералық жауын-шашын) және атмосфералық құбылыстармен (тұман, найғазай, боран, дауыл т.б.) ауа райының өзгеруі тіршілікке, табиғатқа елеулі ықпал жасайды.

Ауа-райы қызметін таратын жергілікті теларна Қазақстандағы жыл бойындағы жауын-шашын көрсеткіштерін диаграмма арқылы көрсетті. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1-сұрақ. Неше айда жауын-шашын мөлшері 20 мм-ден асты?

2-сұрақ. Қыс айларындағы жауған жауын-шашын мөлшерінің орташа мәнін анықтаңыз?

3-сұрақ. Жылдың қай мезгілінде жауын-шашын ең аз мөлшерде болады?

4-сұрақ. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері?

Б) Жоғарыда берілген мәліметтерден тұжырымдардың қайсысы ақиқат болатынын анықтаңыз.

Тұжырым	Ақиқат	Жалған
Жауын-шашынның төмен көрсеткіші наурыз айы болды		
Жауын-шашынның қыс мезгіліндегі көрсеткіші көктем мезгіліндегі көрсеткіштен 20 мм-ға кем болды		
Жауын-шашынның жоғары және төмен көрсеткіштерінің айырымы 33 мм құрады		

Білім алушылар бұл тапсырманы мына ретпен орындады.

1. Ақпаратпен танысу

2. Берілген тапсырманың мәнін түсіну

3. Кесте, диаграммаларды оқу

4. Анализ жасау
5. Қорытындылау

Берілген тапсырмаларды топтық жұмыс барысында мұғалім топта отыруына байланысты әр оқушыға тиісті сұрақтарды бөліп берді, соған орай олар өзіне қатысты сұраққа жауап берді. Бұл алынған нәтижелерді көшірмеуге мүмкіндік берді. 2-сұрақ бойынша тұжырымдардың қайсысы ақиқат болатынын анықтады.


**2-тапсырма.** “Тамақты қалай салқындатуға болады”. Гастроэнтерологтар адам-

ның дене температурасымен бірдей температурада тамақтану ең ұтымды деп санайды. Бұл жағдайда азық-түліктер ағзада бірден ферменттеледі. Сондықтан кейде дайындалған тағамды салқындату қажет, әсіресе балаларға берер алдында.

Карина қоспаның салқындауына қанша уақыт кететінін білу үшін қоспаны салқындату процесін зерттеуді ұйғарды. Ол суды қайнатып, қоспаны дайындап, белгілі бір уақыт аралығында қоспаның температурасын өлшеді. Ол өзінің алған мәліметтерін кестеге жазды.

Уақыт, с	0	15	30	45	60	75	90	105	120
Температура, °C	87	74	65	58	53	49	42	39	34

1-сұрақ. Қоспаның температура өзгерісінің уақытқа тәуелділік графигін сызыңыз.



2-сұрақ. Қоспаның температурасы қай минутта 37°C болатынын анықтаңыз.

3-сұрақ. Каринаның анасы қоспаны дайындау үшін шамамен 65°C температурасы бар суды пайдалану керек екенін айтты. Графикке сүйене отырып, 65°C - тан 37°C - қа дейін салқындату үшін қанша уақыт қажет екенін есептеңіз.

Жауап: Графикте өлшем бірліктерімен бірге осьтер белгіленуі, тәуелді және тәу-

елсіз айнымалылар дұрыс анықталуы қажет. Барлық нүктелер белгіленген және бірқалыпты сызықпен қосылған, аномальды нүктелер айқындалуы тиіс.

Бұл есептерді барлық оқушы шығарды. Есеп шығару барысында берілген диаграммадағы мәліметтерді пайдалана отырып, арифметикалық есептеу жүргізді. Диаграммамен берілген ақпараттарды талдау арқылы орта мәнін анықтады.



**2-сурет** – Білім сапасының деңгейлері

Білім алушылар деректермен жұмыс арқылы математикалық сауаттылық есептер шығару барысында есепке талдау жүргізді. Нәтижесінде

- қандай шамалар есептің мазмұнын құрайтын құбылыстар мен оқиғалардың сандық жағын сипаттайтыны;
- есепте әр шаманың айқын немесе айқын емес түрде неше және қанша мәні берілгендігі;
- шаманың әрбір мәнінің сипаты;
- шамалардың бұл мәндері өзара қандай арақатынаспен байланысты екендігін қарастырды.

Сабакқа 20 оқушы қатысып, олардың ішінде 5 топқа бөлу арқылы барлық оқушылардың орындауына мүмкіндік берілді. Оның 65% оқушысы өте жақсы, 25% оқушы жақсы, 10% оқушы қанағаттанарлық нәтижеге қол жеткізді.

Есептер шығару барысында оқушылар деректерге түсініктеме беру тілін қолдана отырып жаттығу жасау, деректерді талдауды үйренді. Математикалық модельдеу білімі мен әдістерін қолдана отырып есептерді шешті, алған білімдерін түсіндірді. Қорытынды шешімдерді тұжырымдады және жазды.

## Ұсыныстар

Математика сабағында деректермен жұмыс жасау арқылы математикалық сауаттылықты қалыптастыруда мұғалімдер тапсырмаларды сынып ұжымында талқылау қажет. Тапсырма әр оқушыға жеткілікті және берілген деректер анық, түсінікті болуы шарт. Математикалық сауаттылық деңгейі бойынша оқушыларды жеке және топтық жұмыста алдын-ала жоспарлау керек. Тапсырма орындату кезінде проблемаға бағытталған оқыту әдістерді біріктіру ұсынылады.

## Қорытынды

Математикалық сауаттылық есептері - бұл адамның қолданбалы математикалық білім негізінде өмірі мен қызметінің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік мәселелерді шешу, нақты мәселелерді зерттеу және шешуді тиімді қолдану. Математикадан тапсырмалардың мазмұнында күнделікті өмірде кездесетін ситуациялық мәселелер бойынша іс жүзінде жоғары маңыздылығы бар бірқатар сұрақтарға едәуір көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, шамаларды өлшеу, бағалау, пайыз, функция, нақты тәуелділіктерге берілген диаграммалар мен графиктер, ықтималдық, статистикалық көрсеткіштер шынайы өмірде кездесетін проблемалық сұрақтардың шешімін табу үшін маңызды.

Білім алушылар тапсырмаларды ғылыми ақпаратты берудің бір формасынан екіншісіне, сөздік ақпаратты – сызбалы суретке, кесте формасын – график немесе диаграммаға түрлендіру негізделген. Ұсынылған проблеманы немесе жағдайды талдау үшін қажетті ақпаратты алу қабілеті қалыптасады.

### Қолданылған деректер тізімі

1. Савенко В. А. Формирование функциональной грамотности на уроках математики, 2022. – С. 26.
2. Ахметов Б. И., Қасым А. С. Математикалық сауаттылық, Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар // Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, 2023 жыл. – 26 бет.
3. Tang, K. S. and Williams, P.J. (2019), STEM literacy or literacies? Examining the empirical basis of these constructs. *Rev Educ*, 7: 675-697. <https://doi.org/10.1002/rev3.3162>
4. Retnawati H., Wulandari N.F. (2019) The Development of Students' Mathematical Literacy Proficiency Problems of Education in the 21st Century 77(4):502-514. Universitas Negeri Yogyakarta. DOI:10.33225/pec/19.77.502 <https://www.researchgate.net/publication/335447139>
5. Кемельбекова Г.А. (2016) Особенности формирования функциональной грамотности учащихся по предметам гуманитарного цикла // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VIII Межд.науч. конф. Краснодар: Новация. С. 6-9. URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/187/9552/> (дата обращения: 24.12.2020)

## ● ФОРМИРОВАНИЕ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ПУТЕМ РАБОТЫ С ДАННЫМИ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

К. К. Жубанова

Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Ыбрая Алтынсарина,  
г. Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статье представлен опыт автора по развитию математической грамотности учащихся основной школы как составного элемента функциональной грамотности. Задания по математической грамотности на уроках математики представлены диаграммой, таблицей.

**Ключевые слова:** математическая грамотность, функциональная грамотность, уроки математики, работа с данными.

## ● FORMATION OF MATHEMATICAL LITERACY BY WORKING WITH DATA IN MATHEMATICS LESSONS

K.K. Zhubanova

BINOM SCHOOL Lyceum Named After Ybyray Altynsarin,  
Astana, Republic of Kazakhstan

**Annotation.** This article presents the author's experience in the development of mathematical literacy of primary school students as an integral element of functional literacy. Tasks on mathematical literacy in mathematics lessons are represented by a diagram, a table.

**Key words:** mathematical literacy, functional literacy, math lessons, working with data.



FTAMP 14.25.09

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ЭКСПАНСИВТІ ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

**А.С. Жумабекова**Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы**Аңдатпа.**

Мақалада қазақ әдебиетін оқытудың жаңа әдістемесі қарастырылады. Ұсынылған авторлық әдістеме экспансивті ойлау әдістерін пайдалана отырып, орта және жоғары сынып оқушыларының әдеби құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Әдістеме Gallup тесті, соционика және темперамент түрлері сияқты тұлғаны талдау құралдарын әдеби талдау әдістерімен біріктіруге негізделген. Аталған әдістемені оқу процесіне енгізу нәтижесінде оқушылар әдеби шығармаларды жақсы меңгеріп, өзін-өзі түсіну және жеке басын талдау дағдыларын дамыта алады. Әдістеме мемлекеттік емтихандарға дайындық контексінде де, оқушыларды жоғары оқу орындарына табысты түсуге дайындау контексінде де практикалық қолдануға ие. Ол оқу процесін жетілдіруге және оқыту тиімділігін арттыруға мүдделі әдебиет мұғалімдеріне, әдіскерлерге арналған.

**Түйінді сөздер:**

эспансивті ойлау, әдістеме, әдеби талдау.

### Кіріспе

Үздіксіз даму мен танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық аспектілер ажырамас құрамдас бөліктер болып табылатын қазіргі білім беру жағдайында әдебиетті зерттеуге, оқытуға деген көзқарастарды қайта қарау қажеттілігі айқын болып отыр. Әдеби кейіпкерлерді жағымды және жағымсыз деп дәстүрлі түрде бөлу қазіргі оқытудың сұранысын қанағаттандырмайды. Қазіргі заманның шындығын ескере отырып, әдеби қаһармандарды зерттеу тереңірек талдауды, жан-жақты көзқарасты қажет етеді. Ол кейіпкерлердің сыртқы ерекшеліктері мен іс-әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар кейіпкер тұлғасының психологиялық аспектілерін, темпераментін, әлеуметтік-психологиялық мінез-құлық ерекшеліктерін, экстраверсияға немесе интроверсияға, логика мен сезімге, парасаттылық пен иррационал-

дылыққа, бақылау мен әрекетке бағдарлануын қамтуы керек.

Эспансивті оқыту теориясы субъективтілікті, тәжірибені және моральдық міндеттемелерді жоя отырып, адам проблемаларын шешетін оқытуды тиімді генерациялай алады [1]. Экспансивті ойлау арқылы оқыту әдеби шығармаларды зерттеуде тұлғаны талдаудағы заманауи тәсілдер мен психологиялық типологияларды біріктіруге бағытталған. Әдеби кейіпкерлерді тереңірек түсіну және талдау үшін Gallup тесті, тұлға типтеріне арналған танымал тест элементтерін, сондай-ақ тұлға типологиясы тұжырымдамасын пайдалануды ұсынамыз. Бұл тәсіл оқушыларға әдеби шығармаларды өнердің айнасы, көшірмесі ретінде қабылдауға ғана емес, сонымен бірге адам табиғатын оның әртүрлі көріністерінде түсіну-

ге мүмкіндік береді. Әдебиетті оқытудың негізгі міндеттерінің бірі - жеке тұлғаны және құндылық бағдарларын қалыптастыру. Әдеби шығармалар арқылы білім алушылар басты кейіпкерлердің алдында тұрған түрлі өмірлік жағдайлармен және дилеммалармен танысады. Басты кейіпкерлердің іс-әрекеттері, кейіпкерлердің жағымды немесе жағымсыз іс-әрекеттері білім алушыларға өздерін жақсы түсінуге, өз бойында құндылықтар мен дүниетанымын қалыптастыруға көмектеседі [2, 3]. Ұсынылып отырған әдістеме заманауи білім беруде өзекті және маңызды болып табылатын оқушылардың сыни ойлауын, эмпатиясын және әдеби, мәдени құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Сюзанна Киннің зерттеулері баяндау эмпатиясы мен альтруизм арасындағы байланыс неліктен соншалықты әлсін екенін анықтауға бағытталған. Көркем әдебиеттің табиғаты адамдар мен кейіпкерлер арасындағы әлеуметтік байланысты құра алады [3, 61].

Әдістеменің жаңашылдығы мен практикалық құндылығы психологиялық талдаудың заманауи тәсілдерін интеграциялауында көрінеді. Әдеби кейіпкерлерді тереңірек түсіну үшін Gallup тесті, соционика және тұлға типологиясы сияқты әдістерді қолдануды ұсынамыз, бұл білім алушыларға кейіпкерлердің мінез-құлқы мен ынтасын талдауға мүмкіндік береді. Әдістеме сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға бағытталған, бұл оқушыларға басқа адамдардың мотивтері мен мінез-құлқын түсінуге көмектеседі. Әдеби шығармаларды адам болмысының айнасы ретінде қабылдау маңызды, бұл кейіпкерлерді психологиялық ерекшеліктеріне қарай талдау арқылы жүзеге асады. Оқушылар адам мінездері мен мотивтерінің алуан түрлілігін тереңірек түсінеді.

Мақсаты: әдеби шығармаларды талдау тереңдігін арттыру және оқушылардың сыни ойлауын дамыту үшін экспансивті ойлауды пайдалана отырып әдебиетті оқыту әдістемесін әзірлеу.

Міндеттері: әдеби талдаудың негізгі аспектілері және экспансивті ойлау техникасы кіріктірілген практикалық тапсыр-

маларды таныстыру.

Әдебиетті оқытуда кең ойлау нәтижелері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға баса назар аударады, бұл оларға әдеби мәтіндерді әдеттегіден тыс тұрғыдан зерттеуге және өз интерпретациялары мен интеграцияларын жасауға мүмкіндік береді. Тұлғаны талдаудың заманауи құралдарын қолдану білім алушыларға әдеби кейіпкерлердің жеке басын тереңірек түсінуге және олардың психологиялық ерекшеліктері мен мотивацияларын ескеруге көмектеседі. Оқушылар арасындағы пікірталас пен диалогты ынталандырады, бұл пікір алмасуға және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді.

## Әдістеме

Осы әдістемені әзірлеу идеясы әдеби кейіпкерлерді неғұрлым терең және көп қырлы түсінуге ұмтылатын білім берудің қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап ретінде туындады. Нақты өмірде әрбір адамның мінез-құлқы, мотиві мен әлемді қабылдау тәсілдерінің бірегей жиынтығы бар. Бұл ерекшеліктер логика, интуиция, темперамент және жеке типтер сияқты әртүрлі факторларға байланысты. Сол сияқты әдеби кейіпкерлер жеке мінезде-мелердің алуан түрлілігін көрсетеді, бұл оларды заманауи психологиялық және социологиялық тұжырымдамалар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Әдеттегідей мектеп бағдарламасында әдеби кейіпкерлер көбінесе олардың іс-әрекеттері мен сюжеттік функцияларының призмасы арқылы талданады, бұл жеңілдетілген және біржақты интерпретацияларға әкелді. Алайда, Гэллуп тестіне, темпераменттердің социологиясына және типологиясына негізделген экспансивті ойлау әдісін пайдалана отырып, біз кейіпкерлердің жасырын мотивтерін және сипатының көзге көрінбейтін аспектілерін анықтай аламыз.

Мысалы, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармасында бас кейіпкердің бірі – Жамал. Жамалды әкесі өз мотивтеріне сай ел ішінде ақымақ, топас аталған «таз Жұманға» тұрмысқа береді. Алайда, бұл кейіпкерді, яғни, Жұманды инклю-

зия тұрғысынан қарастыра отырып, оның ортасында түсініксіз және қабылданған даму ерекшеліктері бар деп болжауға болады. Мұндай тәсіл бұрын жағымсыз деп есептелген кейіпкерлерге деген көзқарасты қайта ойластыруға және түсінушілік тудыратын қасиеттерін көруге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиетінде осындай мысалдарды көптеп көрсетуге болады.

Осылайша, адами сипаттамалар мен инклюзияның әртүрлілігін ескере отырып, әдеби шығармаларды талдауға қазіргі заманғы көзқарас оқу процесін байытуға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың бойында толеранттық және эмпатиялық дүниетанымды қалыптастыруға ықпал етеді.

Ақпаратты сыни және шығармашылық тұрғыдан талдай білу қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда маңызды дағды болып табылады. Экспансивті ойлау әдісі оқушыларға осы дағдыны дамытуға көмектеседі және оларды заманауи әлемде табысты бейімделуге дайындайды. Осылайша, экспансивті ойлау әдісі білім беруде маңызды рөл атқарады, өйткені ол әдеби шығармаларды терең түсінуге және талдауға, оқушылардың сыни ойлау мен шығармашылық белсенділігін дамытуға, сондай-ақ қазіргі заманғы ақпараттық қоғамға дайындыққа ықпал етеді. Алдымен әдебиетке креативті көзқарас туындайды, өйткені әдістеменің негізгі ерекшелігі креативтілік пен экспансивті ойлауға екпін беру болып табылады. Оқушылар мәтінді талдап қана қоймай, оқылғандардың негізінде өз интерпретацияларын жасайды және шығармашылық жобаларды дамытады. Екіншіден, Гэллап тесті және соционика сияқты құралдарды пайдалану оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге және оқу процесін олардың қажеттіліктері мен күшті жақтарына бейімдеуге мүмкіндік беріп, оқуды дараландырады. Үшіншіден, кейіпкерлерді терең талдау жүзеге асады, себебі әдістеме әлеуметтік және темперамент типтері теориясының базалық аспектілерін пайдалана отырып, әдеби кейіпкерлерді егжей-тегжейлі талдауды қамтиды. Бұл кейіпкерлердің мотивациясы мен мінез-құлқын тереңірек түсінуге ықпал

етеді. Сонымен қатар, талдамалық ойлауды, сыни ойлауды және эмпатияны дамыту талқылаулар, диалогтар және топтық жұмыс арқылы ынталандырылады.

Әдісті тәжірибеге енгізу кезеңдері бірнеше сатыдан тұрады. Олар: оқуға дайындық, оқу және бастапқы талдау, кейіпкерлерді терең талдау, креативті тапсырмалар мен жобалар, талқылау және рефлексия.

1. Оқуға дайындық. Оқушылар өздерінің күшті жақтарын анықтау үшін Гэллап тестінен және жеке басын анықтау үшін соционика, темперамент, тұлға типтері тестінен өтеді. Мұғалім шығарманың негізгі тақырыптарын және оқушылардың тест нәтижелерімен байланыстыра отырып, ойлау үшін негізгі сұрақтарды енгізеді.

2. Оқу және бастапқы талдау. Оқушылар шығарманы (немесе үзіндіні) мәтінге эмоциялық және логикалық реакцияларға баса назар аудара отырып оқиды. Оқу процесінде оқытушы кейіпкерлердің мотивациясы мен мінез-құлқы туралы ойларды ынталандыратын сұрақтар қояды.

3. Кейіпкерлерді терең талдау. Оқушылар кейіпкерлерді темперамент типтері (холерик, флегматик, меланхолик, сангвиник) және соционика аспектілері (интроверсия/экстраверсия, рационализм/иррационализм, логика/интуиция) бойынша жіктейді. Кейіпкерлердің мотивациясы, мінез-құлқы және өзара іс-қимылы олардың жеке типтері тұрғысынан талданады.

Білім беру процесінде экспансивті ойлауды дамыту үшін қолданылатын әдістер: сараланған тәсіл, пікірсайыс, шығармашылық тапсырмалар, топтық жұмыс, интерактивті технологиялар, рөлдік ойындар мен драмалар, көркем шығармаларды талдауда кейс әдісін қолдану.

### **Практикада қолдану**

Қазақ әдебиетін экспансивті ойлау арқылы оқыту әдістемесін апробациядан өткізу мақсатында Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің 9, 11-сыныптарында әдістеме құралдары сынақтан өткізілді. Сонымен қатар, Павлодар облысы, Ақсу қаласындағы Қ.

Сәтпаев атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-гимназиясында қазақ әдебиетін экспансивті ойлау арқылы оқыту әдістемесі тексерістен өтті. Нәтижесінде Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестік шешімімен авторлық оқыту әдістемесі ретінде қалалық сараптамаға ұсынылды.

Экспансивті ойлау арқылы оқыту әдістемесін қазақ әдебиетінде жүзеге асыру жолдары мен принциптерін қарастырайық. Экспансивті ойлау арқылы оқыту қазақ әдебиетін оқытуда кейіпкерлердің сыртқы ерекшеліктері мен іс-әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар олардың психологиялық аспектілерін, темпераментін, элеуметтік-психологиялық мінез-құлық ерекшеліктерін, экстраверсияға немесе интроверсияға, логика мен сезімге, парасаттылық пен иррационалдылыққа, бақылау мен әрекетке бағдарлануын талдау арқылы оқыту болып саналады.

9-сыныптың Қазақ әдебиеті пәні мысалында оқу мақсаттарымен нақты жұмыс алгоритмі мен құралдарын талдап көрейік. Пәнді оқытуда төмендегі бірінші блоктағы оқу мақсаттарын алайық: 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау [4].

I Әдеби шығармадағы психологизмнің анықтамасы. Кейіпкерлерді психологиялық талдаудың тереңдігі: кейіпкерлердің ішкі әлемін бейнелеудің нақтылығы мен шынайылығын бағалау.

Эмоционалды сенімділік: кейіпкерлердің мінез-құлқы мен жағдайының контекстіндегі тәжірибелері мен мінез-құлқының шынайылығын бағалау.

Сюжетке әсер ету: психологиялық аспектілердің сюжеттің дамуына және шығарманы жалпы қабылдауға әсерін бағалау.

II Көркем шығарма идеясына сәйкес кейіпкерлер жүйесін анықтау.

Негізгі идеямен сәйкестік: кейіпкерлердің мінез-құлқы мен сипаттамаларының шығарманың негізгі тақырыбы мен идеясына сәйкестігін бағалау.

Бірегейлік және әртүрлілік: кейіпкерлердің өзіндік ерекшелігі мен әртүрлілігін олардың рөлі мен шығарма үшін маңыздылығы тұрғысынан бағалау.

Кейіпкерлердің даму консистенциясы: шығарма бойындағы кейіпкерлердің кейіпкерлері мен қатынастарындағы өзгерістердің қисындылығы мен реттілігін бағалау.

Әдеби шығармадағы психологизмнің анықтамасы. Әдебиеттегі Психология кейіпкерлердің ішкі әлемін, олардың ойларын, сезімдерін, мотивтерін және психологиялық дамуын бейнелеуді білдіреді. Ол адам табиғатының күрделілігін көрсетеді және оқырманға кейіпкерлер мен олардың әрекеттерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Әдеби шығармадағы психологизмнің анықтамасы кейіпкерлердің мотивациясын, олардың ішкі қақтығыстарын, психологиялық өзгерістерін және қоршаған әлеммен өзара әрекеттесуін талдауды қамтиды.

Көркем шығарма идеясына сәйкес кейіпкерлер жүйесін анықтау. Әдеби шығармадағы әрбір кейіпкердің шығарманың негізгі идеясымен байланысты рөлі мен маңызы бар. Кейіпкерлер жүйесін анықтау олардың кейіпкерлерін, олардың арасындағы байланыстарды, шығарманың сюжеті мен тақырыбына әсерін талдауды қамтиды. Бұл автордың негізгі идеяны дамыту және белгілі бір хабарламаларды немесе құндылықтарды жеткізу үшін кейіпкерлерді қалай қолданатынын түсінуге көмектеседі.

Қазақ әдебиеті сабағында кейіпкер образын ашуда қолдануға ұсынылып отырған құралдарға тоқталып өтсек. Олар: Gallup тестісі негізінде жасалған EQ картасы, соционика (тұлға типтері), эмоциялар графигі және тұлға типологиясы.

Әдебиет сабақтарында кейіпкер бейнесін талдау кезінде кейіпкердің мотивациясын, әрекеттері мен қарым-қатынастарын жақсы түсіну үшін осы ұғымдарды қолдануға болады. Мысалы, кейіпкерлердің бейнелерін бөлшектеу арқылы олардың жеке типтерін анықтауға және осы типтердің басқа кейіпкерлермен өзара әре-

кеттесуіне және сюжеттің дамуына қалай әсер ететінін сипаттауға болады. Мұндай талдау мәтінді тереңірек түсінуге, кейіпкерлердің жасырын мотивтерін анықтауға және олардың сюжетті дамытудағы рөлін бағалауға көмектеседі. Соционика, ақпараттық метаболизм элементтеріне негізделген теория тұлғааралық қарым-қатынас пен психологиялық бұзылуларды ықтимал түсінуді ұсынады [5]. Сонымен қатар, бұл құрал автор стилін бағалауға да мүмкіндік береді. Кейіпкерлер жүйесін бейнелеуде автор қаншалықты нанымды, сенімді болды. Автор кейіпкер образын қаншалықты толық бедерлей алды? Ол кейіпкер арқылы заман шындығын көрсете алды ма? Кейіпкер сюжетте қандай рөл атқарады? Сюжет ол болмаса қалай дамитын еді? Осындай сұрақтар төңірегінде оқушылармен көркем шығарманы сыни тұрғыдан талдауға жол ашылады.

Төмендегі адамдар арасындағы интертиптік қарым-қатынастар көрсетілген. Осы бойынша негізгі ұғымдарды аударып, әдебиет сабағында кең көлемді эпикалық

шығармалардағы кейіпкерлерді талдауда қолдансақ: дуалды қатынас, ұқсас/бір-бірін қайталайтын қатынас, белсендіру қатынасы, бірдей қатынас, жартылай дуальды қатынас, мираждық немесе достық қатынас, туыстық қатынас, іскерлік қатынас, квази-сәйкестік қатынасы, қарама-қайшы қатынас, супер-Эго, адамға үміт арту сипатындағы қатынас, әлеуметтік қатынас, бір-бірін тексеретін қатынас, жанжалды қатынас [6, 53].

Нұсқаулық әдебиет сабағында кейіпкерлердің арасындағы қарым-қатынас типін талдау арқылы оқушыларға осы қарым-қатынастың сюжетке тигізген әсері немесе қанша адамға әсерін (кері/жағымды) тигізгенін талқылауға болады.

Тапсырма үлгісі: Кейіпкерлер арасындағы қатынас түрін анықтаңыз. Ол сюжетке қалай әсер етті? (Білім алушы №1-кестенің ортасындағы бағанды толтырады).

Оқылатын шығарма және сынып: 9-сынып, Б. Майлин «Шұғаның белгісі» повесі.

### 1-кесте

<b>Шұға</b>	<i>Адамға үміт арту сипатындағы қатынас</i>	<b>Әбдірахман</b>
<b>Әбдірахман</b>	<i>Қарама-қайшы қатынастар</i>	<b>Есімбек</b>
<b>Шұға</b>	<i>Супер-Эго</i>	<b>Ауыл жігіттері</b>
<b>Айнабай</b>	<i>Жанжалды қатынас</i>	<b>Әбдірахман</b>

Талдаудың бұндай түрі көркем шығарманы терең қарастыруды ғана емес, сыни ойлау мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты оқушының түсінуге, бағалау алуына көмектеседі. Қарым-қатынас психологиясына тереңірек үңілуге әкеледі.

### Темперамент

**Нұсқаулық:** оқушыларға төмендегідей кесте беріп, толтыру ұсынылады. Мақсаты кейіпкердің темпераментін анықтап, оған шығармадан дәлел келтіру. Сонымен қатар, оқушылар әр кейіпкердің өзіндік мінез ерекшеліктері барын көре алады,

әрі қоғамда әртүрлі адамдардың мінезіне төзімділікпен қараудың маңыздылығын түсінеді. Түзету емес, қабылдау туралы пікір қалыптасады. Төмендегі кестені оқушылар сюжеттегі кейіпкер сөзі, әрекеті, кейіпкердің басқалармен қарым-қатынасына орай толтырады. (№2-кесте)

Тапсырманы түрлендіру жолдары да бар. Мысалы, дәл сол кейіпкер басқа темперамент иесі болғанда шығарма сюжеті қалай дамитын еді? деген сұрақ оқушылардың сыни ойлауын дамытуға септігін тигізеді. Сұрақтарды түрлендіріп беру шығарманы талдауды тереңдетеді.

## 2-кесте

Кейіпкер	Темперамент	Шығармадан дәлел
Әбдірахман	холерик	Өз мақсатына жетті, басқаларға астық жөнінде ақыл беріп, ұйымдастырды, жігерлі. Ән айтады, жарқын. Еті тірі
Айнабай	холерик	Қызына жақсы тағдыр тілеп, Әбдірахманға қосқысы келді, мақсатына жету үшін оқыс әрекетке де дайын, мысалы, Әбдірахманға жала жабу. Жылдам шешім қабылдайды.

Атақты қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Ж. Аймауытов өз еңбектерінде білім алушылардың даму ерекшеліктерін, бейімділігін ескере отырып, тәжірибеге талпынып барып сөйлеу керектігін жазады [1]. Сондықтан, мәтінмен жұмыс жасау барысында әр білім алушының қабылдауы

на сай тиімді тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың мәтіндегі барлық ақпаратты толық меңгеруіне басты назар аудару керек. Басқа дағдылар сияқты, айтылым дағдысына үйрету де жоспарлы түрде жүргізіліп, оған қолдау көрсетіліп, лайықты түрде бағамдалуы керек.

Оқушыны сауатты әрі мәдениетті сөйлеуге үйрету сабақ үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы жүзеге асады. Оқушының айтылым дағдысын интерактивті әдіс-тәсілдер арқылы дамыту осы түйінді мәселені шешуге септігін тигізеді анық. Айтылым екі жақты байланысқа негізделген – сөйлесім әрекетінің түрі. Айтылым сөйлеу актісін жүзеге асырады және ол белгілі бір коммуникативтік мақсатты іске асыруға бағытталады [2].

Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушылар үнемі бір орында отырып, сабақ барысында қасында отыратын «көрші» оқушымен ғана

диалог құрып, бірен-саран жұмыс түрін жасауы мүмкін. Ал интербелсенді оқытуда бір оқушы сыныптағы барлық баламен бір топта немесе жұпта жұмыс жасап, әр сыныптас құрбысының психологиясымен танысып, әр түрлі мінез құлықтағы қатарласымен жұмыс жасау мүмкіндігіне ие бола алады. Негізінен топтар түрлі тәсілдермен құрылуы мүмкін [3].

Айтылым оның кімге арналғанына, мақсаты мен мәнмәтінге тығыз байланысты: бір мезгілде көптеген адам ауызша қарым-қатынасқа түсе алады немесе оның барысына ықпал ете алады [4].

Айтылым дағдысын қалыптастыру дегеніміз – оқушылардың сөз мәдениетін, сөйлеу әдебін қалыптастыру, өз ойын дұрыс, нақты және толық жеткізе білуге машықтандыру болып табылады. Тілді жетік меңгерген және оны орынды қолданатын оқушы кез келген ортада коммуникативтік қатынасқа түсе алады. Сонымен қатар, сабақта алған білім, білік, дағдысын өз қызметінің әртүрлі саласында қолдана алуы тиіс [5].

## Әдістеме

Білім алушылардың айтылым дағдысын топтық жұмыс арқылы дамытуға тиімді болып табылатын «Еркін микрофон» әдісі. Бұл әдістің тиімділігі - білім алушылардың ойлау қабілетін, баланыстырып ауызша сөйлеу тілін, қиялын дамытады. Бұл әдісте білім алушылар микрофонды ұсыну арқылы сұхбат жүргізеді. Берілген сұрақтарға жауап алу арқылы тыңдалатын мәтінге болжау жасалғанда немесе тыңдалымнан кейін оқушыларға нақты мазмұнды тексеруге бағытталған сұрақтар қоюына өте тиімді әдіс болып келеді. Бұл әдісті тек жаңа сабақты меңгерту кезінде ғана емес, үй тапсырмасын тексеру кезінде және сабақты бекіту кезінде де қолдануға болады. Аталған әдісті білім алушылар шығармашылық жоба құрастыруда пайдалана алады. Мысалы, алдын ала топқа бөлініп белгілі бір тақырып бойынша бірнеше сұрақтар дайындайды. Дайындалған сұрақтармен қала тұрғындарынан немесе мұғалімдерінен, сыныптастарынан сұхбат алады. Әр топ сұхбат алғаннан кейін келесі сабаққа бейнебаян

мен слайдқа жасаған сараптамаларын әкеліп, жұмыстарын қорғайды.

«Өрмекші торы» әдісі — білім алушылардың мәтін мазмұнын толық баяндап беруде ұйымдастырылады. Бұл әдістің тиімділігі - білім алушылардың есте сақтау қабілетін дамыту, оқығанын баяндай алу, негізгі ақпаратты тауып айта алуға бағыттайды. Мәтінді бөліктерге бөлу арқылы әр топ мүшелері шеңберге тұрып, жіптің көмегімен өрмекші торын құрайды. Бұл әдісте топ мүшелері бір-біріне жіпті лақтыра отырып сабақ мақсатына сай мәтін мазмұнындағы ақпаратты ретімен, оқиға желісін бұзбай баяндап береді. Жіптің ұшы бір адамнан басталып, келесі кезекте өз қалауларымен басқа топ мүшелеріне беріліп, үлкен өрмекші торын құрайды.

«Дебат» әдісі- білім алушылардың айтылым дағдысын дамытуда қолданылатын бірден бір әдістің түрі. Бұл әдістің тиімділігі - білім алушылардың өз ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, ізденуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды. Жақтаушы және Даттаушы топ құрылып сабақта өткен тақырыпқа сай пікірталас жүргізіледі.

Айтылым дағдысын дамытуда қолданылған әдіс-тәсілдер – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталады [6].

## Практикада қолдану

Тәжірибе базасы ретінде Астана қаласының Ы. Алтынсарин атындағы Vinom School мектеп-лицейі алынды. Сабақ 2 «Д» сынып білім алушыларына әдебиеттік оқу пәні шеңберінде жүргізілді, сыныпта 25 білім алушы бар. Әдебиеттік оқу сабақтарында айтылым дағдысын дамыту үшін топтық жұмыстар арқылы орындалатын әдістер қолданылды.

Зерттеу мақсаты – білім алушылардың айтылым дағдыларын топтық жұмыстар арқылы дамыту.

2023 жыл әдебиеттік оқу пәнінің «Өзім туралы» бөлімінде үлкен көлемді мәтін-



ді топта мазмұндау үшін «Өрмекші торы» әдісі қолдану тиімді. Білім алушылар мәтін мазмұнын топта баяндауда “Өрмекші торы” әдісі Б.Соқпақбаевтың “Ақ лақ” сюжетті шығармасында қолданылды. Шығарманы мазмұндау кезінде өз әрекеттерін басқа адамдардың әрекеттерімен байланыстыру және үйлестіру қабілетін қалыптастыруға жағдай жасалды. Оқиға желісі бойынша ойланып, іштей мазмұнын баяндауға дайын тұрады. Білім алушылар бір-біріне жіпті лақтыра отырып сабақ мақсатына сай мәтін мазмұнындағы ақпаратты ретімен, оқиға желісін бұзбай баяндап берді.

Білім алушылардың өз пікірін айтуда «Дебат» әдісі Ә.Табылдының «Оспантайдың ойыны» мәтінінде қолданылды. Мәтінді түсініп оқығаннан кейін, білім алушылар компьютердің пайдасы және зияны туралы пікірталасқа түсті. Білім алушылардың ой ұшқырлығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде байқалды. Білімді, көп ізденетін білім алушылардың өзіндік ой-өрісі дебат барысында көрінді. Өз позициясын жақтап шығуға тырысқан оқушылар, өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысты. Шешендік тілмен сөйлеу үшін кітапханаға барып көп кітап оқуға тырысатын болды.

Жалпы, білім алушылардың осы қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат әдісінің берер пайдасы мол.

«Еркін микрофон» әдісі – кез келген білім алушының оқыған мәтіні жайында ойын еркін, толыққанда әңгімелеуіне, басқаларымен бөлісуіне мүмкіндік жасайды. Бұл әдіс Ж. Аймауытовтың «Кітап оқу» әңгімесінде қолданылды.

Сабақтың қорытындылау бөлімінде әр топ бір-біріне сұрақ қойып, топ басшысы микрофонды ұсына отырып, жауап алды. Мысалы, «Қартқожа сияқты кітап оқуды ұнатасың ба? Сүйікті кейіпкерлеріңді ата? Соңғы оқыған кітабың туралы баянда», деген сияқты сұрақтарға еркін жауап бере білді.

Білім алушылардың жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландырып, құнды ой жинақтап, ойын ашық айтады.

Бір тоқсан бойы білім алушылардың айттылым дағдысын дамытуға бағытталған әдістермен жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде білім алушылар өз ойларын жүйелі, еркін айтуға дағдыланды. Сөздік қорларын дамыту үшін кітапханаға барып, кітап оқуға қызығушылықтары артты.



## Ұсыныстар

Бастауыш сынып білім алушыларының әдебиеттік оқу сабағында айтылым дағдысын топтық жұмыстар арқылы дамытуда келесі ұсыныстарды айтуға болады:

- білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру керек;
- түрлі жанрда сахналық қойылымдар ұйымдастыру тиімді;
- шығармашылық тапсырмаларды жиі қолдану қажет (ертегі құрастыру, өтірік өлең құрастыру т.б);
- мерекелік күндерге арналған бейнероликтер түсіріп, сұхбаттар жүргізу тиімді;
- ата-аналармен бірлесіп өлең оқу, жұмбақ шешу, мақал-мәтел айту сайыстарын ұйымдастырған жөн.

## Қорытынды

Барлық жұмыс түрлері тілдік материалмен салаларды тізбектеп оқыта берумен емес, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалды танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен де ерекшеленеді.

Әдебиеттік оқу сабағында айтылым бойынша жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, ойын түрлерін беру, оны кейін практикалық тұрғыда қолдана білуге үйрету жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді.

Қорыта айтқанда, аталған әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізілсе, баланың танымдық белсенділігін, айтылым дағдыларын дамытуға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Әр сабақтың оқушы көңілінен шығатындай мазмұнды, жүйелі болуы – әдіс-тәсілдердің тиімділігінде.

## Қолданылған деректер тізімі

1. Жан жүйесі мен өнер таңдау [Мәтін] / Аймауытов Ж. – М. : Қазақстан мемлекет баспасының күншығыс бөлімі, 1926. – 80 б.
2. Orazbaeva F., Rakhmetova R., Rauandina A. Интербелсенді әдістер арқылы оқушылардың айтылым дағдысын дамыту //Pedagogy and Psychology. – 2021. – Т. 48. – №. 3. – С. 211-218.
3. Юсупова Ж. Қазақ әдебиетін топтық жұмыс тапсырмалары арқылы оқыту //«Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. – 2024. – Т. 2. – №. 4. – С. 94-100.
4. Утралинова Г. С. Қазақ тілі сабағында айтылым дағдысын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері //Педагогическая наука и практика. – 2023. – №. 4 (42). – С. 52-57.
5. Esnazar A. et al. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру //Pedagogy and Psychology. – 2022. – Т. 53. – №. 4. – С. 165-173.
6. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана: 2014. – 188 б.

## ● РАЗВИТИЕ НАВЫКИ ПРОИЗНОШЕНИЙ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ГРУППОВОЙ РАБОТЫ НА УРОКЕ ЛИТЕРАТУРЫ

**Ж.Т. Мендалина**

Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Ыбрая Алтынсарина  
город Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** В статье говорится о методах развития навыка произношений учащихся посредством групповой работы на уроке литературы. Использовались развивающие методы «Паутина», «Дебаты», «Свободный микрофон». Эксперимент проводился среди учащихся 2 класса. В результате у учащихся развивалось мышление, устная речь и воображение. Данная статья будет полезна учителям начальных классов и учителям казахского языка и литературы.

**Ключевые слова:** литературное чтение, групповая работа, навыки произношения, интерактивные методы.

## DEVELOPMENT OF STUDENTS' SPEAKING SKILLS THROUGH GROUP WORK IN THE LITERATURE CLASS

**Zh.T.Mendalina**

Binom School named after Altynsarin,  
Astana, Republic of Kazakhstan

**Annotation.** The article describes the methods of developing students' speaking skills through group work in the literature class. The methods of "Network", "Debate", and "Open microphone" were used as development methods. The practice was conducted among the students of the 2nd grade. As a result, students have improved their thinking skills, oral speech, and imagination. This article will be useful for primary school teachers and Kazakh language and literature teachers.

**Key words:** literary reading, group work, speaking skills, interactive methods.

FTAMP 14.15.01

## PYTHON БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

**М.Б. Өтеміс**Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы**Аңдатпа.**

Бұл мақалада Python бағдарламалау тілін оқытудың білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытудағы маңыздылығы қарастырылады. Python тілі өзінің қарапайымдылығы мен икемділігінің арқасында оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіруге, күрделі мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Мақалада Python тілін үйренудің артықшылықтары мен оның заманауи технологиялар әлеміндегі рөлі талқыланып, білім беру процесінде қолдану тиімділігі жан-жақты талданады. Python бағдарламалау тілін оқыту арқылы оқушылардың болашақта түрлі салаларда табысты жұмыс істеуіне қажетті маңызды дағдыларды меңгеруіне жағдай жасалады.

**Түйінді сөздер:**

бағдарламалау, аналитикалық ойлау, бағдарламалау тілі, Python.

### Кіріспе

Негізгі орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі - білім алушылардың: сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру [1]. Білім алушылардың жоғары деңгейдегі аналитикалық ойлау қабілетін Python бағдарламалау тілін меңгере отырып дамыту маңыздылығы жоғары. Себебі, білім алушылардың ХХІ ғасырда сапалы маман ретінде қалыптасуы үшін аналитикалық ойлау қабілеті мен бағдарламалау саласында сауатты болуы тиімді болып табылады.

Python бағдарламалау тілін оқытуда білім алушылардың даму процесстері объективті және субъективті мәселелер факторларына тікелей тәуелді. Объективті мәселелер факторы - бағдарламалау тілінің

теориясы мен практикасының күрделілігі, практикалық бағдарламалау тәжірибесінде білім алушылардың білімінің әртүрлі деңгейде болуы, математикалық және оқу сауаттылықтарының төменділігі, ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгерудегі олқылықтар т.б. болып табылады. Субъективті факторларына білім алушылардың көпшілігінің жеке оқу іс-әрекетіне дайын еместігі, олардың оқуға деген мотивацияларының төмендігі, оқушылардың әлеуметтік желілерді жиі қолдануы мен айналада ақпараттардың көп болуынан туындайтын «клиптік» ойлау ерекшеліктері жатады [2].

Мектеп оқушыларының бағдарламалау тілін меңгеру деңгейіне жыл сайын диагностика жүргізіледі. Сауалнама информатика пәнінде бағдарламалауды меңгеруде кездесетін олқылықтарды алдын алу

мақсатында оқушылардың келісімімен алынды.

Көптеген оқушылардың бағдарламалау тілін меңгеруінің сәтсіздігін анықтайтын объективті себептердің ішінде (шетелдік зерттеушілердің пікірінше, оқушылардың 30% сәтсіздікке ұшырайды [3]) ең айқын себебі- бағдарламалау теориясы мен практикасының күрделілігі. Теориялық білім мен күрделі оқу тапсырмаларын шешуде білім алушының аналитикалық ойлау қабілеті маңызды болып табылады.

Мәселені шешу барысында информатика оқулықтарында берілетін тапсырмалар зерттелді. Білім алушылардың күрделі тапсырмаларды орындағанда кездесетін негізгі қателіктері анықталды. Мәселенің шешімі ретінде аналитикалық дағдыларды дамыту және қолдану ұсынылады.

Аналитикалық дағдылар- бұл мәселені зерттеу және шешімді тиімді және жылдам табу мүмкіндігі болып табылады. Күрделі мәселелік есептерді шешу барысында аналитикалық дағдыларға сәйкес нақты келесі әрекеттер анықталды:

- мәселелерді қалыптастыру- есептің берілген шарттары мен нәтижеге қойылатын шарттарды нақтылау;
- есеп туралы ақпаратты жинақтау;
- есептің шартын құру;
- есепті шешуге қажетті ақпараттар талдау;
- берілгендерді сипаттау;


- нәтижені шығарудағы нақты ақпараттар.

Аналитикалық дағдыларды дамытуға негізделген бағдарламалауды оқытудың тиімді әдістері ұсынылады:

- проблемалық және ситуациялық есептерді қолдану;
- функционалдық сауаттылық, оның ішінде оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және ақпараттық коммуникациялық сауаттылықты арттыру;
- күрделі есептерде берілген заңдылықтарды анықтау және мәселелер арасында байланыс орнату мақсатында Mind Map әдісін қолдану;
- бағдарламалау тілінде берілген тапсырмалардағы деректерді зерттеу және түсіну;
- практикалық кезеңде, яғни код жазу барысында тиімді әрі уақыт үнемдеуге негізделген мақсатты шешімдерді қалыптастыру.

## Әдістеме

Python бағдарламалау тілін оқытуда білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатындағы тапсырмалар теориялық және практикалық болып екіге бөлінеді. Теориялық тапсырмаларды ұзақ есте сақтау мақсатында және есептерді шешу кезінде күрделі байланыстар орнату үшін Mind Map әдісі қолданылды (1-сурет).



1-сурет – Mind Map әдісі

Берілген Mind Map әдісі арқылы оқушылар суретті сызбаларға қарай отырып, Python бағдарламалау тілі туралы ақпараттарды жылдам есіне түсіре алады.

Бағдарламалауды оқытуда аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуда келесі

шынайы ақпараттарға негізделген проблемалық және ситуациялық есептер құрастырылды.

Тапсырма-1



2-сурет – Цюрихтегі Бейер сағат мұражайы, Швейцария

Антикалық сағаттар мұражайында түрлі еден сағаттары, менталь сағаттары және т.б. сағаттар түрі сақталған (2-сурет). Мұражайдағы сағаттардың бір ерекшелігі бар – олар бірнеше минуттар мен секундтарға артта қалып жүреді. Бұл тіпті мұражайдың «Заманауи сағаттар» залында да кездесетін құбылыс.

Заманауи механикалық сағаттар өндіруде Швейцария елі әлемде өзінің сағаттарының өміршеңдігі және дәлдігі бойынша көш бастап тұр. Швейцария сағаттары дәл жүру ережесіне сәйкес 3-ке бөлінеді (1-кесте).

1-кесте- Швейцария сағаттары дәл жүру ережесі

Сағаттың дәлдігі классы	Сағат артта қалады немесе озады
Жоғары дәлдік	Тәулігіне 0-20 секунд
Бірінші класс	Тәулігіне 21-30 секунд
Екінші класс	Тәулігіне 31-45 секунд

Python бағдарламалау тілінде «Сағаттың дәлдік классы» кестесін пайдалана отырып, уақытты енгізгенде қай классқа жататынын көрсететін алгоритмнің блок схемасын <https://programforyou.ru/block-diagram-redactor> онлайн қосымша-

сына және бағдарламасын <https://www.programiz.com/python-programming/online-compiler/> онлайн компиляторға құрыңыз.

Тапсырма -2



**3-сурет** – Алматы қаласы, Алатау, Қасқабас шыңы

Айдын Алматыдағы Қасқабас шыңына туристік саяхатқа шықты (2-сурет). Шыңға шығуда жаяу жүргінші жолы 9км құрайдды. Туристердің шыңға шығып және қайта оралуы 20 сағатты құрауы тиіс. Инструктор жүріп келе жатқан қарқынмен тауға шығу 1,5км/сағат құрайтынын, ал түсу уақыты 2 есеге артатынын айтты. Тауға шығып, одан түсу үшін және шың басында тауды тамашалып, тамақтануға 1 сағат жұмсап, 20 сағатта тау етегіне оралуды жоспарлағанда инструктор таңғы 10-00 уақытында жолға шығып кетуі керектігін ескертті. Туристер пікірі екіге бөлінді.

Бірінші туристер келесідей есептеу мысалын көрсетті.

1.  $9:1,5+1=7$  сағат;

20сағат-7 сағат=13 сағат.

Екінші туристер келесідей есептеу мысалын көрсетті.

2.  $9:1,5+9:(1,5*2)=9$  сағат;

20сағат-9 сағат=11 сағат.

- Қай туристер тобы дұрыс нұсқаны көрсетті?

- Есептің математикалық моделін жазыңыз;

-Өз ойыңызды дәлелдеу мақсатында бағдарламасын <https://www.programiz.com/python-programming/online-compiler/> онлайн компиляторға құрыңыз.

Тапсырма-3

Бүгінде такси қызметін пайдаланатын тұтынушылар көп. Кейбір фирма ұсынған көліктің осы түрін пайдалану шарттары туралы ақпаратпен танысыңыз.

Такси қызметінің анықтамалық ақпарат:

тегін күту - 3 мин;

ақылы күту – 25 тг./мин.

Сапардың есептік құны такси қызметінің тарифтеріне, яғни төмендету немесе артыру (қарбалас немесе кептелістер көп уақыттар) коэффициентін қолдануға байланысты, сондай-ақ жолаушының талабы бойынша аялдамалар кезінде және өзге де жағдайларда баратын жері өзгерген жағдайда төлем артуы немесе кемуі мүмкін(2-кесте).

**2-кесте - Таксиде жүру уақыты мен құны**

Таксидегі жүру уақыты, мин.	Құны, тг.
5	700 тг
10	1300 тг
15	2100

- Такси жүргізушісі жолаушыны 7 минут күтті. Жолаушының қала бойынша таксимен саяхаты сағат 22-00 де басталды және 50 минутқа созылды. Жолаушы сапар кезінде баратын жерін өзгерткен жоқ. Жолаушы аялдамаға жеткенде неше теңге



төлейді?

- Жолаушының ақысын есептейтін математикалық модель құрыңыз.

-Математикалық модельді негізге ала

отырып, бағдарламасын <https://www.programiz.com/python-programming/online-compiler/> онлайн компиляторға құрыңыз.

Тапсырма-4



4-сурет – Құстардың қоныс аударуы

Құстардың қоныс аударуы (4-сурет) – құстардың ұя салатын жерлерінен маусымдық ауқымды қозғалысы. Жыл сайын ерікті ғалымдар белгілі бір жерлерде құстарды санап отырады. Ғалымдар кейбір құстарды ұстап алып, олардың аяқтарын түрлі-түсті сақиналар мен жалаулардың тіркесімімен белгілейді. Ғалымдар құстардың қозғалу жолдарын анықтау үшін белгіленген құстар туралы мәліметтерді пайдаланады.

- Ғалымдардың қоныс аударатын құстарды санауы дәл болмайтын факторды анықтаңыз және берілген фактордың санауға қалай әсер ететінін түсіндіріңіз.

- Қазақстанға жыл сайын 13 түрлі құстар ұшып келеді. Олар: Суыққа шыдамды бозторғайлардан бөлек, көктемде бізге құмсалғыштар, тырнарлар, құтандар, балшықшылар, жыртқыш құстар, қарақұйрық.

- Жолдық типтерді шығару амалдарын пайдалана отырып, берілген ақпараттар негізінде Қазақстанға қоныс аударатын

құстардың атауларын енгізгенде, дұрыс, басқа құстардың атауларын енгізгенде бұрыс деп шығаратын бағдарламасын <https://www.programiz.com/python-programming/online-compiler/>

онлайн компиляторға құрыңыз.

### Практикада қолдану

Ы.Алтынсарин BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің 7Ә, 7Г, 7З сыныбы оқушыларына Python бағдарламалау тілін оқытуда білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамыту тапсырмалары 2023-2024 жылдары қолданылды. Тәжірибе жүргізілмес бұрын оқушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында кіріс бақылауы алынды. Информатика пәнінің 7 сыныптарға бекітілген «Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауында» 3-бөлім- «Python тілінде алгоритмдерді программалау» және 4-бөлім-«Практикалық программалау» бойынша тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар берілді (3- кесте).



3-кесте - «Бағдарламалау бөлімі» бойынша 7 сыныптың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауында берілген тақырыптар мен оқу мақсаттары

Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1. Файлдармен жұмыс	7.3.3.1 Python программалау тілінде файлды оқу және жазу
2. Файлдық функциялармен жұмыс	
3. Тармақталған алгоритмдерді программалау	7.3.2.1 Python программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу.
4. Тармақталған алгоритмдерді программалау	7.3.2.1 Python программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу.
5. Кірістілген шарттарды программалау	7.3.3.2 Python программалау тіліндегі кірістірілген шарттарды қолдану.
6. Құрамды шарттарды программалау	7.3.3.3 Python программалау тіліндегі күрделі шарттарды қолдану.
7. Таңдауды ұйымдастыру	7.3.2.1 Python программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу.
8. Проблеманы қою	7.3.2.1 Python программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу.
9. Алгоритмді әзірлеу	7.3.2.1 Python программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу.

Білім алушылар берілген теориялық білімнің негізінде практикалық тапсырмалар жасады. Есептің берілгенін топта талқылап, кіріс және шығыс ақпараттарды анықтап алды. Тапсырмаға сәйкес жүйелі жасау қажет жоспар құрылды және programforyou.ru бағдарламасында блок схемасы құрылды. Блок схема негізінде

алгоритмі түзіліп, бағдарламасы онлайн компиляторға енгізілді. Бағдарламасы нәтижесі топпен талқыланып, қатемен жұмыс жасалынды.

Білім алушылар әр тақырыпқа сәйкес тапсырмаларды өздері қызығатын сала бойынша таңдап отырды (5-сурет).

### Тапсырмалар тақырыптары

- Қазақтың салт-дәстүрі
- Қазақстанның табиғаты
- Әлем мәдениеті
- Ақша мен табыс
- Биология
- Қазақстан және Дүние жүзі тарихы
- Наубайхана ісі

5-сурет – Тапсырмалардың тақырыптық түрлері

Білім алушылар топтарға жеке қызығушылығына сәйкес бөлініп, есептер мен тапсырмалардың мазмұнына баса назар аударды. Шынайы ақпараттарға негізделіп құрастырылған тапсырма-

лар жаңа танымдық білім берумен қатар, бағдарламалауды шешуде аналитикалық талдаулар жасауға үйретті. Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында оқу мақсатына толықтай жетті (6-сурет).



6-сурет – Сабақтың барысы

Олардың ой-танымы, аналитикалық ойлау қабілеттері, математикалық және оқу сауаттылықтары, компьютерлік сауаттылықтары артты. Тапсырмаларды тақырыптық таңдау еркіндігі оқушылардың мотивациясын арттырды.

Тәжірибе нәтижесін алдын ала жүргізілген кіріс бақылау мен қорытынды бақылауға сәйкес диагностика жүргізілді (7-сурет).

### Ы.Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің 7 сынып оқушыларының бағдарламалау тілін меңгеру деңгейі



7-сурет – Оқушылардың бағдарламалау тілін меңгеру деңгейі

7Ә сыныбы кіріс бақылаудағы көрсеткіш 68%-дан 81%-ға, 7Г лицей сыныбының 71%-дан 95%-ға, ал 7З лицей сыныбы 70%-дан 90%-ға көтерілгенін көруге болады. Білім алушылардың қызығушылығынан бөлек информатика пәнінен білім сапасына да әсер ете алдық.

## Ұсыныстар

Информатика пәні мұғалімдеріне:

- бағдарламалау тілін үйретуде аналитикалық ойлау қабілетін дамыту тапсырмаларын қолдану;

- тақырыптық тапсырмаларды оқушылардың қызығушылықтары негізінде құрастыру;

- бағдарламалау тілін меңгеруде білім алушылардың жоғары ойлау деңгейлерін дамытуымен қатар функционалдық сауаттылыққа негізделген сабақтарды жоспарлау ұсынылады. Сонымен бірге, білім алушылардың білім деңгейлері ескерілуі тиіс.

## Қорытынды

Python бағдарламалау тілін оқыту білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл тілдің қарапайымдылығы мен икемділігі, сондай-ақ кең қолдану салалары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға, логикалық ойлауын жетілдіруге және күрделі мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Python тілін меңгеру

арқылы білім алушылар тек бағдарламалау негіздерін үйреніп қана қоймай, сонымен қатар, заманауи технологиялардың кең әлеміне жол ашады. Сондықтан Python тілін оқу аналитикалық ойлау қабілетін дамытуда тиімді құрал болып табылады және болашақта түрлі салаларда табысты жұмыс істеуіне негіз болады.

## Қолданылған деректер тізімі

1. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [электронды ресурсы] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z306> (қаралған күні: 19.06.2024)
2. Andrey Leonidovich Kraynov(2020), Influence of clip thinking on the cognitive abilities of students. [https://www.researchgate.net/publication/345389846\\_Influence\\_Of\\_Clip\\_Thinking\\_On\\_The\\_Cognitive\\_Abilities\\_Of\\_Students](https://www.researchgate.net/publication/345389846_Influence_Of_Clip_Thinking_On_The_Cognitive_Abilities_Of_Students).
3. Tze Ying Sim; Sian Lun Lau (02.02.2023). Review on Challenges and Solutions in Novice Programming Education. <https://ieeexplore.ieee.org/document/10031657>.
4. Смағұл Ботакөз Қытайбайқызы(2023). Цифрлық технологиялар негізінде білім алушылардың интеллектуалдық қабілетін дамытудың тиімді әдістері. Academics and Science Reviews Materials No.4, P.247-258.
5. Melissa N. L. Y. A., Shuki O., Mohd Ali S., Muhamad Saiful Bahri Y. and Hairul Nizam I. (2012). Training Module Series: Student-Centered Learning (SCL) Approaches for Innovative Teaching.
6. Sawitree Pipitgool (2019), Development of Online Instruction with Problem Based Learning on Introduction to Programming to Promote Analytical Thinking Ability for Undergraduate Students in Computer Education Program, International Journal of Industrial Education and Technology, Vol.1 No.1, P.56-66.

## ● РАЗВИТИЕ АНАЛИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКУ ПРОГРАММИРОВАНИЯ PYTHON

**М.Б. Өтеміс**

Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Ыбрая Алтынсарина  
город Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** В данной статье рассматривается важность обучения языку программирования Python для развития аналитического мышления у учащихся. Благодаря своей простоте и гибкости язык Python способствует развитию творческих и логических способностей учащихся, а также формированию навыков решения сложных задач. В статье обсуждаются преимущества изучения языка Python и его роль в мире современных технологий, а также эффективность использования в образовательном процессе. Таким образом, обучение программированию на языке Python создаёт условия для приобретения учащимися важных навыков, необходимых для успешной работы в различных областях в будущем.

**Ключевые слова:** программирование, аналитическое мышление, язык программирования, Python.

## DEVELOPING STUDENTS' ANALYTICAL THINKING SKILLS THROUGH TEACHING THE PYTHON PROGRAMMING LANGUAGE

**M.B.Otemis**

Binom School named after Altynsarin,  
Astana, Republic of Kazakhstan

**Annotation.** This article examines the importance of teaching the Python programming language for developing students' analytical thinking skills. Due to its simplicity and flexibility, Python enhances students' creative and logical abilities, as well as their skills in solving complex problems. The article discusses the advantages of learning Python, its role in the modern technology world, and its effectiveness in the educational process. Thus, teaching Python programming provides students with essential skills necessary for successful careers in various fields in the future.

**Key words:** programming, analytical thinking, programming language, Python.

FTAMP 14.15.011

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА МӘТІНДІ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Г. Б. Танирбергенова**

Ыбырай Алтынсарин атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

### Аңдатпа.

Бұл мақалада білім алушылардың математикалық сауаттылықтылығын арттыруда мәтінді есептерді шешудің маңыздылығы туралы айтылады. Л. Г. Петерсон оқулығындағы мәтінді есептердің сапасы, күрделілігі мен дейгейі оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратуға негізделген. Петерсон әдістемесінің артықшылықтары бірі: баланы өз бетінше ойлауға үйрету. Петерсон бойынша математиканы үйрену процесінде жаңа материалды тез меңгеруге көмектесетін өте жарқын, түрлі-түсті құралдар қолданылады. Мұндай жағдайда ақпаратты игеру сапасы едәуір жоғары болады. Петерсон оқулығының есептерін әр сабақта қолданудың арқасында, оқушылардың математикалық ойлау қабілеттері тереңірек дамып, күнделікті өмірде қолданылатын есептер, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, әртүрлі олимпиадаға қатысқанда өз нәтижелерін беріп жатады.

### Түйінді сөздер:

функционалдық сауаттылық, математикалық сауаттылық

### Кіріспе

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда функционалдық сауаттылық әрбір тұлғаның табысты бейімделуі мен дамуының іргетасына айналды. Интернет және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қол жетімді ақпарат көлемінің өсуімен коммуникацияның дұрыстығы мен маңыздылығын анықтау

қиынға соғады. Функционалдық сауаттылық оқу, түсіну қабілетін қамтамасыз етеді және әртүрлі ақпарат көздерін талдау, фактілерді пікірлерден ажырату, сондай-ақ түрлі дереккөздерден алынатын ақпаратты сыни тұрғыдан бағалайды. Бүгінгі таңда математиканы меңгеру - бұл қарапайым нәрсе емес, дағдылы математикалық рәсімдерді жаңғырту болып табылады. Көбінесе, PISA зерттеуінде,

математикалық сауаттылықты меңгерген адам - өзінің іс-әрекеттерін күрделі нақты міндеттерде математиканы тұжырымдай және шеше алатын адам. Математикалық сауаттылық – бұл адамды әртүрлі практикалық мәнмәтіндердегі есептерді шешу үшін математикалық ойлауға, қолдануға және тұжырымдауға арналған қабілет. Ол ұғымдарды, рәсімдерді және фактілерді, сондай-ақ құбылыстарды сипаттауға, түсіндіруге және болжауға арналған құралдарды қамтиды. Ол адамдарға математиканың әлемдегі рөлін түсінуге, жақсы негізделген пікірлерді білдіруге және ХХІ ғасырда сындарлы, белсенді және ойшыл азаматтар қабылдауы тиіс шешімдерді қабылдауға көмектеседі [1].

Математикалық сауаттылық құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжау үшін

математикалық ұғымдарды, фактілер мен құралдарды қолдануды көздейді. Бұл математиканың әлемдегі рөлін түсінуге, негізделген пікірлерді білдіруге, белсенді шешімдер қабылдауға көмектеседі. Математикалық білім берудің басым бағыттарының бірі – пәнді оқыту процесінде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру: білім алушылардың практикалық есептерді шешу үшін нақты өмірде үйренген математикалық білімдері мен дағдыларын пайдалануға дайындығы, сондай-ақ қажетті ақпаратты өз бетінше алуға және оны пайдалана білуге ұмтылуы, яғни математикалық сауаттылықты қалыптастыру және дамыту. Д. Пойа математикадағы есептердің рөлін қарастыра отырып, былай деп жазған: «Математиканы меңгеру нені білдіреді? Бұл стандартты ғана емес, сонымен қатар белгілі ойлау тәуелсіздігін, парасаттылықты, өзіндік ерекшелікті, тапқырлықты қажет ететін мәселелерді шеше білу». Математикалық есептер математика ғылымының да, математиканың оқу пәнінің де негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Математика курсына сюжеттік есептер маңызды рөл атқарады. Сюжеттік есептер деп мағыналар үшін белгілі бір сандық сипаттамаларды табу мақсатында кейбір өмірлік сюжетті (құбылыс, оқиға, процесс) сипаттайтын міндеттерді түсіну керек. Сюжеттік есептердің ішінде (міндетті емес математикалық) проблемалардың жоғары деңгейінде эвристикалық есептерге жатқызуға болатын бейнелі сипаттағы есептер бар. Олардың шешімі имиджге негізделген және есепте сипатталған жағдайды тұтас қабылдауды талап етеді [2]. Білім алушылардың білімі мен тәжірибесіне байланысты нақты өмірлік жағдайды сипаттайтын тапсырмалардың бірі – контекст негізіндегі тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар білім алушыларды мәтіннен ақпарат алуға үйретуге көмектеседі, олардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады, бұл әрекетті саналы және кезең-кезеңімен орындауға мүмкіндік береді.

## Әдістеме

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, балалардың математика пәнімен біршама

қиындықтары жиі кездеседі. Бұл жағдайда көптеген себептер болуы мүмкін - бұл мектепке дайындық деңгейінің төмендігі, баланы қабылдаудың жеке ерекшеліктері.

Көбінесе ата-аналардың өздері математиканы жақсы білмейді және балада осы пән туралы дұрыс түсінік қалыптастырмайды. Олар математика пәнінің өте күрделі, қарапайым адам үшін қол жетімсіз пән ретінде айтады. Бірақ бұл өте қауіпті - ол тіпті математикалық ойлау қабілеті жоғары, талантты балалардың да мектеп бағдарламасы бойынша артта қалуына себепкер болуы мүмкін. Математиканы білмеу-физика, химия, геометрия сияқты басқа да пәндерді меңгеруде қиындық туғызады.

Осы қиындықтарды білетін математик, педагогика ғылымдарының докторы, жүйелік-функционалдық педагогика институтының ғылыми жетекшісі, Ресей Федерациясының жоғары кәсіптік білім берудің құрметті қызметкері Людмила Георгиевна Петерсон өз әдістемесін әзірледі. Ол құрған математиканы оқыту курсы мектепке дейінгі балалар мен бастауыш және орта буын мектеп оқушыларына бағытталған. Бағдарлама баланың математикалық есептерді өз күшімен шешуін көздейді. Егер мектепте балаларды үлгі бойынша жұмыс істеуге және шешімнің жалғыз дұрыс әдісін іздеуге үйретсе, Петерсон жүйесінде адам өз күшімен осындай механизмді түсінуге жетуге тиіс.

Осылайша, Петерсон жүйесі мектеп бағдарламасына қарсы қойылады. Петерсон жүйесі балада қандай да бір есепті қалай шешу керектігін жеке түсінудің пайда болуына баса назар аударады.

Топтардағы сабақтар кезінде балалар әрбір міндеттің тәсілдерін талқылап, ұжыммен ең жақсы шешімді іздей алады. Көптеген мамандар математика жұмысының тетіктерін тікелей түсінуден басқа, бұл сыни ойлауға үйретеді, адамға күрделі ғылымдарға қызығушылық танытуға мүмкіндік береді. Бұл ретте көпшіліктің ақпаратты игеруіне мүмкіндік бермеген тосқауыл жойылады. Петерсон әдістемесінің артықшылықтары бірі: баланы өз бетінше ойлауға үйрету. Математиканы

стандартты оқыту баланың мысалдарды шешуде ұсынылған үлгілік әдістерге бағдарлануын болжайды. Оларды түсіну мысалдарды шешу кезінде бекітіледі, бақылау жұмыстарын орындау барысында тексеріледі.

Бұл ретте Петерсон үлгі бойынша жұмыс істеу - ең жақсы шешім емес дейді. Адам математикадағы көптеген маңызды нәрселерді өз күшімен түсіне алады. Бұл оның затты шынымен жақсы көруіне, оның қызықты, бір қарағанда күрделі емес екенін түсінуіне көмектеседі.

Петерсон бойынша математиканы үйрену процесінде жаңа материалды тез меңгеруге көмектесетін өте жарқын, түрлі-түсті құралдар қолданылады. Мұндай жағдайда ақпаратты игеру сапасы едәуір жоғары болады.

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналғандықтан, барлық құралдар ертегі кейіпкерлерін, қызықты мультипликациялық кейіпкерлерді пайдалана отырып ресімделеді.

Кейде мұндай әдіс бойынша бала кезінен бастап, нақты ғылымдарға айтарлықтай ынтасы бар дарынды балалар ғана айналыса алады деген тұжырымды кездестіруге болады. Петерсон бойынша алғашқы жұмыс дәстүрлі математикалық мектеп бағдарламасын игеруді мүмкін етпейді деген жаңылысу да кең тараған.

Шын мәнінде, мұндай оқу бағдарламасы оқушылардың сыни ойлау қабілеттерінің артуына көмектеседі. Зерттеу әдістерінің

арасында - түрлі ребустарды шешу, бояу, сурет салу және т.б. әдістерді кездестіруге болады.

### Практикада қолдану


Математика сабақтарында Л. Г. Петерсон «Математика. 5 класс 1, 2 часть» оқулығын қолданамын. Бұл оқулықтың ерекшелігі есептерінің деңгейлегінде және де есептері функционалдық сауаттылыққа негізделген. Әсіресе, мәтінді есептері біртекті емес, әр есеп толық тақырып мақсатын ашатындай негізделіп берілген.

«Санның бөлігін табу. Бөлігі бойынша санду табу» тақырыбына арналған есептерді қарастырып көрейік.

№569 есеп (Л. Г. Петерсон, Г. В. Дорофеев)

Оқушы кітапты 3 күнде оқыды. Бірінші күні барлық кітаптың  $\frac{1}{5}$  бөлігін, екінші күні қалғанының  $\frac{5}{8}$  бөлігін, ал үшінші күні қалғанының  $\frac{1}{3}$  бөлігін және қалған 16 бетті оқыды. Кітапта барлығы неше бет бар?

Алдамұратова оқулығында С деңгейіндегі есептерде осыған ұқсас есептер кездеседі, алайда №569 есептегідей «үшінші күні күні қалғанының  $\frac{1}{3}$  бөлігін және қалған 16 бетті оқыды» дегендей есептер кездеспейді. Бұл есепті барлық оқушы шығара алмайды. Есеп шешіміне тоқталайық:





$$1 - \frac{1}{3} = \frac{2}{3} \text{ б.}$$

$$16 \div \frac{2}{3} = 16 \cdot \frac{3}{2} = 24 \text{ бет екінші күннің қалғаны.}$$

$$1 - \frac{5}{8} = \frac{3}{8} \text{ б.}$$

$$24 \div \frac{3}{8} = 24 \cdot \frac{8}{3} = 64 \text{ бет бірінші күннің қалғаны}$$

$$1 - \frac{1}{5} = \frac{4}{5} \text{ б.}$$

$$64 \div \frac{4}{5} = 64 \cdot \frac{5}{4} = 80 \text{ бет барлық кітаптың беті.}$$

Жауабы: Кітапта барлығы 80 бет бар.

Есепте қалған бөлік бойынша 3 рет бөлігі бойынша санды табу арқылы шығарылады. Есептің күрделілігі сол, біртіндеп қалған бөлігі бойынша табылады. Алдамұратова Т., Байшоланова К., Байшоланов Е. «Математика 5 сынып, 2 бөлім» оқулығында №1107 есепте тіктөртбұрыштың ауданы қанша процентке өзгергендігін табу керек, ал Л. Г. Петерсон, Г. В. Дорофеев «Математика 6 сынып, 1 бөлім» оқулығында №380 есебінде тіктөртбұрыштың периметрінің қанша процентке өзгергендігін табуға есептер берілген.

№380 (Л. Г. Петерсон, Г. В. Дорофеев «Математика 6 сынып» 1 бөлім)

Тік төртбұрыштың ұзындығы, оның енінен 3 есе ұзын. Ұзындығын 20%-ке кемітіп, ал енін 40%-ке кемітті. Тіктөртбұрыштың периметрі неше процентке кеміді?

Шешуіне тоқталатын болсақ, бұл есепті шығарғанда периметр формуласын қолдану керек, ені де ұзындығы да белгісіз болғандықтан, периметрі өрнек түрінде алынады, кейін бірінші сан екінші санның неше процентін құрайтындығын табу ережесі арқылы табылады. Осындай есептерге бірнеше мысал келтіре аламыз. Яғни, Петерсон оқулығының есептерін әр сабақта қолданудың арқасында, оқушылардың математикалық ойлау қабілеттері тереңірек дамып, күнделікті өмірде қолданылатын есептер, оқушылардың

функционалдық сауаттылығын арттырып, әртүрлі олимпиадаға қатысқанда өз нәтижелерін беріп жатады.

### Ұсыныстар

Математика пәнінде Л. Г. Петерсон оқулығындағы есептерін күнделікті сабақта қолдануға кеңес беремін. Л. Г. Петерсон математика курсы баланың тұлғалық дамуына бағытталған, сондықтан математикалық білім балалардың ойлауын, олардың сезімдері мен эмоцияларын, шығармашылық қабілеттері мен қызмет уәждерін дамыту құралы ретінде қарастырылады.

Осы мақсатты іске асыру мынадай міндеттерді орындауды талап етеді: 1) қызметке үйрету - мақсаттар қоя білу, оларға қол жеткізу үшін өз қызметін ұйымдастыру және өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалау; 2) тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру; 3) білімнің қазіргі заманғы деңгейіне және білім беру бағдарламасының деңгейіне барабар әлем бейнесін қалыптастыру.

Оқулықтың авторы оқушылардың танымдық уәждемесін қалыптастыруға көмектеседі, оқулықта әр түрлі жеткізуші міндеттерді - баланың өміріндегі сюжеттерге, сондай-ақ математика және ересектердің практикалық өміріне негізделген тұрмыстық немесе оқу тапсырмаларын ұсынады. Мұндай жеткізуші міндеттер оқушыларды жаңа білімді, шығармашылық қызмет тәсілдерін, тұлғалық бағаларды іздеу және «ашу» процесіне тартуға мүмкіндік береді. Баланың өмірлік тәжірибесі, жақын адамдардың қызметі, нақты өмірдегі оқиғалар көзі болып табылатын та-

нымдық міндеттерді жеткілікті түрде жиі шешу математиканы зерделеудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуді туындатады. Оқулықта символикалық жазбаларға, табиғи тілден математикалық тілге және кері аударуға, кестелермен, бағандармен, суреттермен және диаграммалармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді. Оқулықтағы түсіндірме мәтіндермен және міндеттер жүйесімен мынадай зияткерлік іскерліктер қалыптастырылады: басты талдау және бөлу, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, ұғымды анықтау және түсіндіру, нақтылау, дәлелдеу және теріске шығару және т.б.


Сабақта тапсырмаларды жұптасып немесе топпен орындауға болады (бұл тапсырманың көлеміне байланысты), онда оқушылар «ұжымдық» өмірлік тәжірибені пайдалана отырып, сюжетті талқылауға, жағдайды өз түсініктерін анықтауға, бәлкім, сыныптастарына немесе мұғалімге сұрақтар қоюға мүмкіндік алады. Бұл оқушыларға ахуалдың математикалық мәнін анықтау, математика тіліндегі есепті барабар тұжырымдау және оны шешу тәсілдерін іздеуге көмектеседі. Талқылау тек тапсырманы шешу кезеңінде ғана емес, сондай-ақ барлық қажетті жағдайлар ескерілгенін не ескерілмегенін, тапсырманы басқаша, оңай, ұтымды шешуге болатынын түсіну үшін алынған нәтижелерді түсіндіру кезеңінде де пай-

далы.

## Қорытынды

Функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерінің бірі – математикалық сауаттылық. Сондықтан, алдымен, математикалық сауаттылық бастауыш мектепте, содан кейін 5-6 сыныптарда, одан кейін алгебра және геометрия сабақтарында қалыптасады. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың өзектілігі сол, жалпы білім берілгенімен, мектеп оқушыларының күнделікті өмірде осы білімді сауатты пайдалана алмайды. Математикалық сауаттылық оқушылардың күнделікті, практикалық міндеттерді шешу үшін математикалық есептеулерді орындай білуін, ойлай білуін, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылатын әртүрлі нысанда (кестелерде, диаграммаларда, графиктерде) ұсынылған ақпараттар негізінде қорытынды жасай білуін дамытуға ықпал етеді. 5-6 сынып оқушылары функционалдық сауаттылықтың 1-2 деңгейіне сәйкес болуы мүмкін. 7-сыныпта функционалдық сауаттылықты меңгеру бойынша жұмыс түрлі типтегі және стильдегі мәтіндер зерделенеді, публицистикалық стиль мәтіндеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру бойынша тапсырмалар моделі мынадай схемада берілген:



Математикалық сауаттылық бойынша тапсырмалар моделінің негізінде жалпы математикалық сауаттылық тұжырымда-

масы жатыр. Оқушыға өмірдегі жағдаятқа байланысты есеп беріледі, оқушы оны алдымен математикалық мәселесін

анықтап алу керек, содан соң математикалық білім-дағдыларымен есептің шешімін көрсетеді. Содан кейін ең маңызды нәрсе: алынған математикалық нәтижені жағдайға қайта салу және шешімнің дұрыстығына мән беріп, оны шешімнің қысқаша мәніне талдау жасауы керек.

### Қолданылған деректер тізімі

1. Национальный отчет «Результаты Казахстана в PISA-2022» – г. Астана: Министерство просвещения Республики Казахстан, АО «Национальный центр исследований и оценки образования «Талдау» им. А. Байтұрсынұлы», 2024 г., 169 стр.
2. Жумагулова З. Математикалық сауаттылықты қалыптастыруда контекст негізіндегі тапсырмалардың маңызы //Научно-педагогический журнал «Білім-Образование» Национальной академии образования имени И. Алтынсарина. – 2024. – Т. 108. – №. 1. – С. 29-37.
3. «Математика. 5 класс. Учебник в 2 частях» - Дорофеев Г.В., Петерсон Л.Г.
4. «Математика. 6 класс. Учебник в 2 частях» - Дорофеев Г.В., Петерсон Л.Г.
5. А.Е. Абылкасымова, Т.П. Кучер, З.Э. Жумагулова «Математика 5 сынып» 1, 2 бөлім.

## ● ЭФФЕКТИВНОСТЬ РЕШЕНИЕ ТЕКСТОВЫХ ЗАДАЧ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

**Г. Б. Танирбергенова**

Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Ыбрая Алтынсарина  
город Астана, Республика Казахстан

**Аннотация.** В этой статье говорится о важности решения текстовых задач в повышении математической грамотности обучающихся. Качество, сложность и уровень текстовых расчетов в учебнике Л. Г. Петерсона основаны на повышении функциональной грамотности учащихся. Одним из преимуществ методики Петерсона является обучение ребенка самостоятельному мышлению. В процессе изучения математики по Петерсону используются очень яркие, цветные инструменты, которые помогают быстро усвоить новый материал. В этом случае качество усвоения информации будет значительно выше. Благодаря использованию расчетов учебника Петерсона на каждом уроке, математическое мышление учащихся развивается глубже, расчеты, применяемые в повседневной жизни, повышают функциональную грамотность учащихся и дают свои результаты при участии в различных олимпиадах.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, математическая грамотность.

## EFFECTIVENESS OF SOLVING TEXT PROBLEMS TO INCREASE THE MATHEMATICAL LITERACY OF STUDENTS

**G. B. Tanirbergenova**

BINOM Lyceum SCHOOL named after Ibray Altynsarin ,  
Astana, Republic of Kazakhstan

**Annotation.** This article talks about the importance of solving text problems in increasing the mathematical literacy of students. The quality, complexity and level of textual calculations in L. G. Peterson's textbook are based on improving the functional literacy of students. One of the advantages of Peterson's technique is teaching the child to think independently. In the process of studying mathematics according to Peterson, very bright, colored tools are used that help to quickly assimilate new material. In this case, the quality of assimilation of information will be much higher. Thanks to the use of Peterson's textbook calculations in each lesson, students' mathematical thinking develops deeper, calculations used in everyday life increase the functional literacy of students and give their results when participating in various olympiads.

**Key words:** functional literacy, mathematical literacy.

МРНТИ 14.25.25

## СОЗДАНИЕ ВОКАЛЬНО - ХОРОВОЙ ГРУППЫ С УЧАЩИМИСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

**А.К. Темиргалина**Школа-лицей BINOM SCHOOL имени Ыбрая Алтынсарина  
г. Астана, Республика Казахстан**Аннотация.**

В статье рассматриваются методы и быстрые пути обучения первоначальным навыкам хорового пения в системе дополнительного образования общеобразовательной школы. Приводятся примеры из опыта работы автора. Данная статья актуально для учителей музыки.

**Ключевые слова:**

хоровое пение, музыкальное воспитание, методы, репертуар.

### Введение

*«...пение, особенно хоровое, совместное – это верный показатель здоровья нации. Народ, воспитанный на одухотворенной песне, благороден и велик».*

#### Г. Струве

